



ЖҮЙЕЛІЛІК
ЖЕТІСПЕЙДІ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕСІМІ ЕЛ
ЖҮРЕГІНДЕ...

8-БЕТ | ТҰЛҒА



МАЙДАНДАҒЫ
САЯСИ САУДА

9-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ.
ЖАҒАН ЖҰРТЫ ЕЛІМІЗДІ, ЕҢ АЛ-
ДЫМЕН, ӨНЕРІМІЗ АРҚЫЛЫ ТАНЫП
БІЛЕДІ. БІЗ – ҰЛЫ ДАЛАДА ТАМЫР
ЖАЙҒАН БІРЕГЕЙ МӘДЕНИЕТТІҢ
ЗАҢДЫ МҰРАГЕРІМІЗ.

№59
(4803)
Бейсенбі
22 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ



Мәдениет пен өнер – ұлт өмірінің айнасы, асыл мұрасы. Қай халықтың болмасын рухани байлығы алдымен мәдениеті мен өнері арқылы көрінеді. Ал осы құндылықтарды көкке көтеріп, насихаттап жүрген мәдениет пен өнер саласы қызметкерлерінің еңбегі қашанда ұшан-теңіз десе болады. Кеше Астанада кәсіби мерекесіне орай мәдениет және өнер қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.



«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДІ» БАҚЫЛАЙ АЛАСЫЗ

Елорда тұрғындары енді жедел жәрдем бригадасының қозғалысын бақылап отыра алады.

Денсаулық сақтау министрлігі Астана қаласының әкімдігімен және Yandex Qazaqstan компаниясымен бірлесіп, елорда тұрғындарының шақырылған жедел жәрдем бригадасының қозғалысын нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік беретін жаңа цифрлық сервисті енгізу бойынша пилоттық жобаның іске қосылғанын жария етті.

Жеделдіктің бірінші санаты бойынша шақырту түскен жағдайда, жүйе өтініш берушіге автоматты түрде интерактивті картаға сілтемесі бар SMS-хабарлама жібереді. Осылайша картаны браузер арқылы ашқан пайдаланушы жедел жәрдем көлігінің бағытын нақты уақытта бақылай алады.

Жоба алғашқы кезеңде Астана қаласында жеделдіктің бірінші санаты бойынша кейбір шақыртуларға қолжетімді болады. Алдағы уақытта бұл жобаны Қазақстан аумағындағы барлық шұғыл шақыртуларға кеңейту жоспарлануда.

Жаңа функция API Яндекс картаның JavaScript API шешімі арқылы жүзеге асырылған.

JASYL EL ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Биыл елордада Jasyl el бағдарламасы аясында 5 200 мектеп оқушысы мен студентті жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр.

Жобаға 14-35 жас аралығындағы балалар үйінен шыққан балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, әлеуметтік осал топтардан шыққан балалар, толық емес отбасылардан шыққан балалар, полиция департаментінде есепте тұрған балалар және т.б. қатыса алады. Көгалдандыру жұмысына бағытталған жобаға қатысушылар мамыр, маусым, шілде, тамыз айларында қаладағы орман және басқа да шаруашылықтарда жұмыс істейтін болады.

Жұмысқа қабылданған жастарға ай сайын 64 564 теңге жалақы және Jasyl el арнайы формасы беріледі. Кәсілетке толмағандар, Еңбек кодексіне сәйкес, аптасына 5 күн, күніне 4 сағаттан аспайтындай, денсаулыққа зиян келтірмейтіндей жұмыс істейді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЛАЛАР!

Елордада балалардың қауіпсіздігіне арналған жедел-алдын алу іс-шарасы басталды.

Бүгінгі таңда жолдағы қауіпсіздік, әсіресе балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары қоғамды ерекше алаңдатып отыр. Жыл сайын елімізде осы қайғылы оқиғалардың салдарынан 300-ден астам бала қаза тауып, төрт мыңнан астамы түрлі жарақат алады екен.

«Алдағы жазғы демалысты ескере отырып, біз ересек ұрпақ болып жол қауіпсіздігі мәселелерінде белсенділік пен жауапкершілік танытуға шақырамыз. Біз балалардың қатысуымен болатын жол апатының алдын алуға және олардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын бекітуге бағытталған бірлескен жұмыс жүргізу үшін барлық ресурсты пайдалануымыз қажет. Осыған бай-



ланысты елімізде «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы өткізіледі» деді акцияның басталғанын жариялаған ІІМ әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

«Бүгінгі алқалы жиынның Еуропа төрінде өтуінің айрықша мәні бар. Біз мажар жұртының қарт құрлықта тұғырлы мемлекет болып отырғанына дән ризамыз. Бүгін бәрімізді түбі бір түркі бауырларым деп құшақ жая қарсы алып жатсыздар. Мұны, шын мәнінде, мызғымас достығымыздың айқын көрінісі деп санаймын. Біз ынтымағы жарасқан елдеріміздің бірлігін бекемдеп, тамыры бір тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді ұлықтап келеміз» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Шығыс пен Батыс тоғысқан тұс» атауымен ұйымдастырылған саммит алып құрлықтың ұлан-ғайыр аумағын иеленіп жатқан түркі елдерінің мүддесіне, стратегиялық мақсат-міндетіне сай келеді. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда Ұйым аясындағы ынтымақтастықтың мәні тіпті артты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев түркі жұртының татулығы мен өзара байланысын нығайту, тұтастығын бекемдей түсу мақсатында Қазақстан қабылдаған кешенді шараларға тоқталды. «Атап айтсақ, Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілін тағайындады. Көп ұзамай Тұрақты өкілдік ашуды жоспарлап отырмыз. Астанада 11-12 маусым күндері Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV пленарлық отырысы өтеді. Ақтау қаласы биыл Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жарияланды. Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару үшін нақты іс-шаралар қолға алынды. Қазақстанның бастамасымен өткен аптада Орталық сайлау органдарының консультативтік платформасы құрылды. Оның алғашқы отырысы киелі Түркістан қаласында табысты өтті. Ортақ келісім бойынша биыл



ТҮРКІНІҢ БІРЛІГІ НЫҒАЙҒАН КҮН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиынды көне Будапешт шаһарында өте жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Мажарстанның Премьер-министрі Виктор Орбанға ризашылығын білдірді.

маусым айынан бастап Алматы қаласы «Түркі мемлекеттері ұйымының жастар астанасы» атанады. Осылайша, біз түркі бірлігін нығайтамыз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер өзара қол жеткізген келісімдерді сақтауы қажет. «Тағы бір аса маңызды мәселе, бұл – біздің Ұйымның шеңберінде қабылданған құжаттардағы ережелерді қатаң сақтау. Процедура мәселесі болсын, саяси және экономика сұрақтары болсын – келісімдердің ережелерінің барлығын

құрметтеу, сақтау қажет, міндетті түрде іске асыру керек» деді Президент.

Мемлекет басшысы соңғы кездегі тарифке қатысты оқиғалар жаһандық сауда саясатындағы өте үлкен өзгерістерге себеп болғанына назар аударды. Президент мұндай дағдарыстар түрлі сын-қатер тудырумен қатар жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын алға тартып, өнеркәсіп, көлік-транзит, ауыл шаруашылығы, цифрландыру сияқты бағыттар бойынша бірлесе әрекет етуді ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орта дәлізді Шығыс пен Батыстың

арасындағы негізгі көпірге айналдыруды стратегиялық міндет ретінде атады. Бұл ретте Президент еліміз Қырғызстанмен және Өзбекстанмен шекарадағы рәсімдерді цифрландыру, жүк транзитін жеңілдету үшін нақты шаралар қабылдап жатқанын, сондай-ақ Қазақстан-Қытай шекарасында үшінші темір жол бекетін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдерді ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағыты бойынша халықаралық көлік қатынасын

дамытуға шақырды. Аталған жоба түркі елдерінің өңірлік транзит хабы ретіндегі рөлін едәуір нығайтады.

Президент мұнай, газ, уран және тағы да басқа тауарларды жеткізу тізбегін әртараптандыру ісінде Ұйымның әлеуетін пайдалану қажет екеніне назар аударды. Осы ретте Қазақстаннан Еуропа бағытында мұнай жеткізуді арттыру жобасын қолдағаны үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтты. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы уақытта халықаралық сарапшылар Транскаспий мұнай және газ құбырларын салу бастамасын талқылап жүргенін атап өтіп, мұндай жобалар өте ауқымды және трансұлттық деңгейдегі ықпалдастықты талап ететінін жеткізді.

Мемлекет басшысының ай-

туынша, цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Биыл еліміз Каспий теңізі арқылы оптикалық-талшықты кабель тарту жобасын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде аймақтағы цифрлық байланыс нығая түседі. «Елдеріміз арасындағы сауда-саттықты жандандырып, тауар түрін көбейту қажет. Өткен жылы Қазақстанның Ұйымға мүше елдермен арадағы алыс-берісі 11,4 миллиард долларға жетті. Бұл еліміздің сыртқы саудасының 8 пайызына тең. Әрине, жақсы көрсеткіш. Дегенмен оны арттыра түсу керек. Осыған орай, сауда-саттықты дамыту үшін арнайы құжат әзірлеуді ұсынамын» деді Президент.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастықты күшейтуге баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы мен Түркі мемлекеттері ұйымы арасындағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталды. Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде жиілеген табиғат апаттарына қарсы тұру үшін күш жұмылдыру мәселесі аса өзекті. Мәселен, соңғы жылдары Каспий теңізінің деңгейі айтарлықтай төмендеп кетті. Бұл жағдай аймақтың экологиясы мен экономикасына, халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Президент түркі елдерін осыған қатысты бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және ортақ жобалар әзірлеуге үндеді. Саммитте Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және ТМУ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанмен келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті Виктор Орбанға ілтипат білдіріп, былтыр Будапешт қаласына жасаған мемлекеттік сапарын ықыласпен атап өтті.



Оның аясында бірқатар стратегиялық маңызды келісімге қол қойылды. Мемлекет басшысының айтуынша, нақты уағдаластықтарға қол жеткізу, сондай-ақ Астана мен Будапешт арасындағы өзара түсіністікті нығайту тұрғысынан аталған сапар нәтижелі болды.

Президент екіжақты байланыстың басым бағыты ретінде сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты атады. Былтыр өзара сауда-саттықтың көлемі 200 миллион долларға жетті, осы жылдың алғашқы тоқсанында тауар айналымы 37 пайызға өсті.

Қазақстан экономикасына құйылған мажар инвестициясы

370 миллион доллардан асты. Қазір екі ел машина жасау, ауыл шаруашылығы және логистика салаларында 16 бірлескен инвестициялық жобаны жүзеге асырып жатыр. Олардың құны 700 миллион долларға жуықтайды.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымының ертеңгі бейресми саммитінің маңызына тоқталып, еліміз ТМУ қызметінің барлық басым бағыты бойынша сындарлы диалогты жалғастыруға бейіл екенін растады.

Өз кезегінде Виктор Орбан сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, қазақ-мажар қатынастарының орнықты әрі қарқынды

сипат алғанына назар аударды. Мажарстан Премьер-министрі соңғы жылдары екіжақты ынтымақтастық, әсіресе, экономика саласында белсенді дамып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар саммитті ұйымдастыруға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Кездесуде былтыр жоғары деңгейде өткен келіссөздердің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың, соның ішінде энергетика, сауда және инвестиция салаларындағы бірлескен жобалардың орындалу барысы талқыланды. Бұдан бөлек, тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ақордада салтанатты жиын өтті. Басқосуға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Президент ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиятын байытуға зор үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

«Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Талантты музыканттарымыз әлемдік сахналарда табысты өнер көрсетіп жүр. Қазақ киногерлері түрлі халықаралық байқауларға қатысып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болуда. Елордамызда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары табысты өтті. Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформаларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекет өнер саласын өркендетуге әрдайым ерекше мән береді. Өйткені мәдениеті озық елдің рухы биік болады. «Былтырдың өзінде 45 жаңа мәдениет нысаны салынды. Бұл жұмыс болашақта да жалғасын табады.



Театр – руханиятымыздың негізгі тірегінің бірі. Ұлттық құрылтайдың Бурабайда өткен отырысында аймақтағы театрларды дамыту туралы нақты тапсырма берілді. Театрлардың көпшілігі толық жаңғыртуды қажет етеді. Кейбіріне жаңа ғимарат керек. Осы жұмысқа кәсіпкерлер мен меценаттарды жұмылдырған абзал. Бұл – әлемде кең таралған тәжірибе. Мұндай жобаларға инвестиция салуға дайын азаматтар аз емес. Мен бизнес өкілдерін руханиятымызды дамыту ісіне атсалысуға шақырамын» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы елімізде соңғы жылдары ауқымды реформалар жүзеге асырылғанын еске салып, бұл үдеріс саясат пен экономикадан бастап, барлық салаға әсерін тигіз-

геніне тоқталды. «Ұлттық болмысымыз заманға сай өзгере бастады. Мұны реформаның тағы бір маңыттық нәтижесі деуге болады. Мәдениет пен өнердің ағартушылық әлеуеті орасан зор. Бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға ерекше ықпал етеді. «Бүгін ұлттық өнердің майталманы Қайрат Байбосыновқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі. Халқымыздың жан-дүниесін айшықтай көрсететін халық өнері әрдайым төрде болуы керек. Бұл марапат – әйгілі әншінің өлшеусіз деген ерекше құрметтің белгісі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан айрықша үлесі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамен марапатталды.

ЖАС САРБАЗДАР САЙЫСЫ



Астана іргесіндегі № 68665 әскери бөлімінде жас сарбаздар слеті өтті. Слет жеңімпаздары «Айбын – 2025» ХІ халықаралық әскери-патриоттық жиында елорда намысын қорғайды.

Іс-шара екі мерейлі күн – Жеңістің 80 жылдығы мен Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған.

Салтанатты жиынға арнайы шақырылған қонақтар – Қорғаныс министрілігі өкілдері, генералдар,

қоғам қайраткерлері қатысты.

– «Айбын» жастар жиыны патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Биыл бұл іс-шара екі маңызды мерейтойлық күнге сәйкес келді. Біз аға буын өскелең ұрпақты Отанын сүйетін етіп тәрбиелеуіміз керек, – дейді отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов.

Жас сарбаздар да бұл жерде қатан тәртіпке үйреніп, Отан қорғауға деген жауапкершілікті ерекше сезіне түскенін жеткізді.

– Бұл іс-шараға осымен екінші рет қатысып тұрмын. Осы аралықта автоматты шашып, қайта жинауды үйрендім. Патриоттық іс-шараларды жиі өткізіп тұру керек деп санаймын. Себебі олар қоғамды тәртіпке шақырып, пайдасын тигізеді, – дейді «Жас қалқан» әскери-патриоттық клубының мүшесі Дінмұхамед Сейдахметов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қалалық кезеңдегі финалда жеңіске жеткен команда «Айбын-2025» ХІ халықаралық жиынына қатысады.

МҮМКІНДІГІ КӨП STEM

Астанада халықаралық STEM олимпиадасына арналған баспасөз конференциясы өтті. Іс-шарада Қазақстан атынан әлемдік аренада ел намысын қорғайтын қатысушылар сұхбат берді.

STEM Academia жыл сайын математика, химия, биология, информатика, соның ішінде бағдарламау бағыттары бойынша STEM олимпиадасын өткізеді. Бұл іс-шара жас дарындарды ғылым мен инженерия саласына қызықтырып, жарқын болашақ құруға, білімдерін дұрыс пайдалануға шабыттандыруды көздейді.

«Биыл жартылай финалға 24 адам қатысып, оның 8-і гранд-финалға іріктелді. Ал халықаралық олимпиада бесінші мәрте Барселонада өткізіледі. Олимпиада 2017 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатыр. 2018 жылдан бастап Астана қаласының әкімшілігінің

қолдауына ие болды. Жобамыздың басты мақсаты – халықаралық олимпиадалар жайлы құлағдар ету, мейлінше көп мектеп оқушыларын тарту» деді республикалық STEM олимпиадасының ұйымдастырушысы, ROQED AI негізін қалаушы Мағжан Қыстаубаев.

Қатысушыларға жобаны дайындауға 5 күн уақыт беріледі. Оның бір күні олимпиадаға арналса, үшінші күн жобаларын таныстырады.

«Жақында біз роботехника бағытындағы жаңа жобамызды әзірледік. Бұл – оқу орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, жергілікті орындарлайтын әскери робот. Жобаның

бас-аяғында үш адам жүрміз, әрқайсысымыз түрлі салаларға жауаптымыз. Бижан Ашыхатов инженерия жағынан, Айша Темірхан математикалық есептеулер жасаса, мен кодтардың дұрыс жазылуын қадағалаймын» деді олимпиаданың гранд-финалисі Нұрасыл Рысқұлбеков.

Конференция соңында олимпиада үздіктері ғылым саласының шыңын бағындырудағы ниеттерін білдіріп, мектеп қабырғасында оқитын қатарластарын жаңа жобалар жасауға шақырды.

Жансая АЛМАХАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

АЛҒАШ РЕТ – «АНА ТІЛІ» ОЛИМПИАДАСЫ

Кеше Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ тілінен өткен тұңғыш республикалық «Ана тілі» зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты рәсімге мемлекет және қоғам қайраткерлері, министрлер мен депутаттар, тіл жанашырлары мен кәсіпкерлер қатысты.



Олимпиаданы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастырды. Халықаралық Freedom Holding Corp. Компаниясы демеушілік жасады.

Жобаға 2025 жылғы 13 қаңтар мен 8 ақпан аралығында республика бойынша 5 мыңға жуық 9-11-сынып оқушысы қатысып, пікірсайыс, жазбаша жұмыс және онлайн-викторина сынды үш бағыт бойынша білімін сынады.

– Мен Екібастұз қаласындағы мандандырылған Зерде мектебінде

оқимын. Бұл олимпиада біз үшін көп мүмкіндіктерді ашты. Біз бір топтағы үш оқушы бірігіп, өзімізді жақсы жағынан көрсете білдік. Олимпиада жоғары деңгейде өтті. Осы олимпиада арқылы Қазақстанның әр жерінен келген балалар бір-бірімен танысып, өте тамаша әсер алды, – дейді Павлодар облысынан келген қатысушы Далида Оразханова.

Ақтық кезеңге 64 командадан 192 оқушы жолдама алып, 20 мамыр күні Астанаға жиналды. Олимпиаданың бас жүлдесін Түркістан облысынан келген «Достық» командасы жеңіп

алды. Сонымен қатар 11-сыныптың үздік 8 оқушысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Нағхоз университетінің білім гранттарын иеленді. Бес команда «Үздіктер», он команда «Озаттар», он алты команда «Мықтылар», отыз екі команда «Белсенділер» аталымы бойынша марапатталды.

– Алғаш рет өткізілген «Ана тілі» олимпиадасы – мектеп оқушылары арасында тілді, әдебиетті және сөз өнерін насихаттауға бағытталған ерекше жоба. Басты мақсатымыз – тіл мен әдебиетке қызығушылығы бар оқушыларға жол ашу, болашақта тілші, филолог немесе гуманитарлық сала маманы болғысы келетін жастардың таным көзжиегін кеңейту. Сонымен қатар, бұл олимпиада арқылы қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылықты арттырып, жастардың оқу сауаттылығы мен жазу мәдениетін дамыту көзделіп отыр. Жасраптыны жоқ, қазіргі ортада мәтінмен жұмыс істеу, ойын сауатты жеткізу, жазу мен сөйлеу дағдысы бойынша олқылықтар бар екенін байқаймыз. Осы олқылықтарды жою бағытында жинақтаған тәжірибемізді пайдалана отырып, осындай жобаны қолға алдық. Олимпиада алдағы жылдарда да дәстүрлі түрде өз жалғасын табады, – деді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ
Ақтілек МЕРЕКЕ,
Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар және журналистика факультетінің 2-курс студенті

Almaty Theatre сахнасында «Астана Балет» театрының гастрольдік көрсетілімдері аншлаппен өтіп, Алматыдағы көктемнің басты мәдени оқиғаларының біріне айналды. Елордалық ұжым классикалық және қазіргі заман, халық дәстүрі мен жаңашыл балет тілі өзара тығыз байланысқан мазмұнды әрі түрлі жанрдағы бағдарламасын ұсынды.

«АСТАНА БАЛЕТ» – АЛМАТЫДА

Гастроль шымылдығы Blind forgiveness – рок-балетінің қойылымымен ашылып, көрерменді тәтті етті. Хореография авторы Кирилл Радев – неоклассика пластикасы модерн драматизмімен және театр монологымен үйлесім тапқан жарқын сахналық туынды шығарды. Ал композитор Арсений Смирнов жазған музыка қойылымға өзіндік эмоционалды тереңдік дарытқандай. «Астана Балет» театрының оркестрі мен әлемге әйгілі скрипкашы Ержан Құлыбаевтың қатысуымен симфониялық музыка кеші өтті. Бағдарламада Антонио Вивальди мен Астор Пьяццолла «Жыл мезгілдерінің» екі циклі орындалды. Олар-

дың қарама-қайшы интерпретацияларын солист мінсіз орындап, сезім атаулының иірімдерін көрсете білді. Спектакль классикалық музыканы бағалаушылар үшін нағыз сыйлық болды.

Гастроль шымылдығы «Ұлы Дала мұрасы» дивертисментімен жабылды. Концерттік бағдарламаны қойған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Айгүл Тәти. Халқымыздың мәдени бастауына үніліп, оны балет тілімен жеткізе білген, бояуы қанық бұл бағдарлама гастрольдің жарқын нүктесіне айналып, көрермен көкейінен шығып, көңіл пернесін шерткендей әсер қалдырды.



ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Елорданы жылумен жабдықтау және энергиямен қамтамасыз етуді дамытудың қазіргі жағдайы мен перспективалары» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Көпшілік тыңдаулар 2025 жылғы 28 мамырда сағат 10:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.

Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ҚҰТҚАРУШЫ БОЛУҒА МАШЫҚТАНДЫ

Астанада Төтенше жағдайлар департаментінің базасында мектеп оқушылары арасында жас құтқарушылардың жарысы өтті. Қалалық финалға елорданың әр ауданынан бір-бір команда қатысты. Олар алғашқы көмек көрсету, өрт кезінде не істеу керек, суда адамды қалай құтқару керектігін көпшілік алдында көрсетті.

– Мұндай жарыстар тек Астанада емес, он жылдан бері барлық өңірлерде ұйымдастырылып келеді. Мамыр айының басында әр ауданда іріктеу жарыстары болды. Енді сол жерден үздік шыққандар қалалық деңгейдегі жарысқа келіп отыр. Жеңімпаз команда маусым айында Көкшетауда өтетін республикалық жарысқа барады, – деді Астана қаласы ТЖД өкілі Бауыржан Ахметқалин.

Жарыстың бағдарламасы өте қызықты болды. Балалар қабырға

газетін шығарды, алғашқы медициналық көмек көрсетті, өрт сөндірушілер сияқты шлангі тартты, кедергілерден өтіп, суда құтқару жаттығуларын орындады, сонымен қатар құтқару шеңберін дәлдікке лақтырды.

Жарыс екі кезеңнен тұрды: біріншісі – ТЖД аумағында, екіншісі – жедел-құтқару жасағы базасында өтті. Соңғы кезеңде балалар судағы қауіпсіздік пен көмек көрсету дағдыларын көрсетті.



САЛА МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, кәсіби мереке ретінде 2013 жылдан бері аталып келеді. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Аталған мерекеге орай Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында «Сахна сыртындағы жұлдыздар» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, өнер адамдарын марапаттау рәсімі өтті.

Шара аясында мәдениет және өнер саласында қызмет етіп жүрген мамандар түрлі номинациялар бойынша марапат пен сыйлықтар алды.

Ең әуелі іс-шараға шақырылған қонақтар қызыл кілемнен жүріп өтті. Ел алдынан алғашқы болып Қуыршақ театрының ұжымы өтсе, олардың ізін ала Орталықтандырылған кітапхана жүйесі, Максим Горький атындағы орыс драма театры, Астаналық цирк, Әзірбайжан Мәмбетов атындағы драма және комедия театры, Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру дирекциясы, «Наз» би театры, Мемлекеттік шығармашылық іске асыру дирекциясы, Жастар театры, Қанаттылар театры, Жастар сарайы, Музыкалық жас көрермен театры, Бірлескен мұражайлар дирекциясы, Жошы хан атындағы Qazaq National Group және Астана қалалық филармониясы өкілдері өтті.

Шараның екінші бөлімі концерт залында жалғасып, ресми марапаттау рәсіміне ұласты. Онда алдымен 2024 жылы мәдениет саласында қол жеткізілген жетістіктерді қамтитын бейнеролик көрсетілді. Елордалық 14 мәдениет мекемесі 20 мыңнан астам мәдени іс-шара ұйымдастырып, 2 миллионнан астам көрерменді қамтығаны айтылды.

Салтанатты шараның марапаттау рәсімінің ресми ашылуында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен сөз сөйлеп, қала әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтауын жеткізіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 876 Жарлығы бойынша ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан ерекше үлесі, мәдениет саласындағы ерекше жетістіктері үшін «Құрмет» орденімен Астана қаласы әкімдігінің «Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының» әртісі Нұрай Танабаевты және «Ерен еңбегі үшін» медалімен Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермен театры» актері Оразалы Игілікті марапаттады.

Одан кейін Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен Астана қаласы әкімдігінің «Астаналық цирк» әртісі Чингиз Урманбетовты, Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театрының» көркемдік қойылым бөлімінің меңгерушісі Аяғөз Қанаеваны марапаттады. Астана қаласы Мәдениет басқармасының экономикалық жоспарлау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас-



шысы Лаура Абдрахмановаға «Құрмет грамотасын», Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» суретші-дизайнері Ерлан Сералиевке министрліктің «Алғыс хатын» табыстады.

Бұдан бөлек, мәдениет және өнер саласында қызмет етіп жүрген 14 маман түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Атап айтар болсақ, «Суретші-реставратор» номинациясы бойынша Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясының» Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз

ету орталығының техникалық бөлімінің инженер-декораторы Айдын Маменов, «Үздік әдіскер» номинациясы бойынша Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдіскері Шынар Үстембекова, «Үздік дыбыс режиссері» номинациясы бойынша «Жастар сарайы» шығармашылық орталығының қойылым қызметі бөлімінің жетекшісі Иван Биндюк, «Үздік тігінші» номинациясы бойынша «Наз» мемлекеттік би театры» тігу-реставрациялық шеберханасының меңгерушісі Гүлнәр Айсакоева, «Қойылым бөлімінің

үздік меңгерушісі» номинациясы бойынша «Жастар театры» шығармашылық орталығының қойылым бөлімінің меңгерушісі Алия Зикибаева, «Үздік костюм суретшісі» номинациясы бойынша Музыкалық жас көрермен театрының костюмдер бойынша суретшісі, Құрманғазы атындағы ҚҰӨУ-дің оқытушысы Айдана Еңгебай, «Үздік көлік жүргізушісі» номинациясы бойынша «Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының» көлік жүргізушісі Юрий Щепанский, «Сахна декорация шебері» номинациясы бойынша Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма театрының декорация шебері Есет Жолболдин, «Үздік шаруашылық меңгерушісі» номинациясы бойынша «Астаналық цирк» орталығының Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Клара Кабаболина, «Сахна машинисі» номинациясы бойынша «Қуыршақ театрының» сахна машинисі Асан Шайбанов, «Үздік ұйымдастырушы» номинациясы бойынша «Мәдени іс-шараларды өткізу дирекциясының» менеджері Еркежан Амангельдина, «Үздік сурдоаудармашы» номинациясы бойынша «Қанаттылар» инклюзивті театрының сурдоаудармашысы Айдана Жаппарова, «Мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бойынша үздік оператор» номинациясы бойынша «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясының» өнім берушілермен жұмыс істеу бөлімінің менеджері Асель Бришева, «Үздік слесарь-сантех-

ник» номинациясы бойынша М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының слесарь-сантехнигі Василий Кришковец қатарлы азаматтар сыйланды. Сондай-ақ салтанатты іс-шарада дирижер, «Парасат» орденінің иегері, профессор Айтқали Жайымов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Майра Илиясова, композитор Ринат Гайсин, мәдениет саласының ардагері Жұбаныш Жексенұлы болды. Жұбаныш Жексенұлы өз орындауындағы «Мәдениет қызметкері болғаныма өкінбеймін» әнін арнап, кешке шынайы әсер сыйлады.

Мерекелік кеш барысында «Наз» би ансамблінің көркем биі, Qazaq National Group тобының әні және Музыкалық жас көрермен театрының шағын қойылымы көпшілікке тарту етілді.

Кеш соңында барлық мекеме басшыларының атынан қызметкерлерге тосын сый жасалып, жылы лебіздерін жеткізіп, салтанатты кешті қорытындылады.

Айта кету керек, бүгінгі таңда елордамыздың Мәдениет басқармасына қарасты 14 мекеме қызмет атқарады. Оның ішінде театр, цирк, музыка, би, кітапхана, мұражай, сондай-ақ концерттік ұйымдар мен мәдени демалыс орындары жұмыс істейді. Аталған мекемелер елорда тұрғындары мен қонақтарына сапалы мәдени қызмет көрсетуді қамтамасыз етіп келеді.

Адия КӘРІПЖАН,
Еуразия ұлттық университетінің II курс студенті



АСТАНА АРХИВІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекесі аясында Астана қаласында еліміздің мәдениет қызметкерлері мен шығармашылық тұлғаларына арналған республикалық форумы өтті.

Форум аясында Ұлттық музейде III қазақстандық музей конгресінің ашылуы болды. Оның негізгі тақырыбы – тарихи-мәдени мұраны сақтау. Жиында сарапшылар теориямен қатар практикалық мәселелерге де назар аударды. Қатысушылар экспонаттарды консервациялау мен реставрациялаудағы басты жетістіктермен танысып, ар-

хеологиялық артефактілерді сақтау бойынша шеберлік сабағына қатысса, еліміздің әр өңірінен келген облыстық, қалалық және аудандық архив директорлары Астана қаласының мемлекеттік архивінің

жұмысымен және тыныс-тіршілігімен де танысты.

Қонақтар архив саласындағы заманауи цифрлық жүйелермен, құжаттарды сақтау мен қалпына келтіру әдістерімен, сондай-ақ архив

қызметкерлерінің күнделікті еңбегімен жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл кездесу мәдени мұраны сақтаудағы тәжірибе алмасуға, кәсіби байланысты нығайтуға және архив ісін да-

мытудағы өзекті мәселелерді талқылауға бағытталды.

Ал концерттік және мәдени-демалыс ұйымдарының өкілдері сахна шеберлігі, режиссурадағы инновацияларға, продюсерлікке және

костюмографияға арналған дөңгелек үстелдерге, шығармашылық зертханалар мен мастер-класстарға қатысты. Өңірлік кітапханалардың басшылары мен мамандары болса, дамудың заманауи стратегияларын, цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесін талқылады.

Іс-шара барысында жасанды интеллектті пайдалану және құжаттық мұраны сақтау секілді мәселелер де кеңінен талқыланды.

Соңында «Рухани қазына – 2025» мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің республикалық фестивалі өтті. Оған 85 кітапхана, 50 мәдени-демалыс ұйымы және 30 музей өтінім берген. Соның ішінен кәсіби мамандар бар қазылар алқасы 19 номинация бойынша жеңімпаздарды анықтап марапаттады.





Астанада көгалдандыру жұмыстары қарқын алды. Көктемнің әр күнін тиімді пайдалану мақсатында елордада ағаш көшеттерін отырғызу қызу жүріп жатыр.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл бас қалада миллионға жуық жасыл желек, оның ішінде ағаштар, бұталар, көшеттер және т.б. отырғызу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Астананың Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарайшық аудандарында саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар мен аулалар абаттандырылады.

– Мәселен, Байқоңыр ауданындағы Уәлиханов көшесінің Бөгенбай батыр даңғылынан С.Сейфуллин көшесіне дейінгі аралығында ескі үйлер мен заңсыз тұрғызылған сауда нысандарын бұзған соң орнына жаңа қоғамдық кеңістік салуды жоспарлап отырмыз. Алаңның жалпы көлемі 10,5 мың шаршы метрді құрайды. Онда біз ағаштар мен бұталар отырғызып, тротуарлар саламыз. Жазушылар аллеясында көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуді, 100 данадан астам ірі ағаштар отырғызу көзделуде. Қазір бұл аллеяда жасыл желектер үшін орындарды дайындау жұмысы белсенді жүріп жатыр, – деді қала басшысы.

Сарыарқа ауданындағы жұмыстың маңызды бағыттарының бірі – ескі сапаржай маңындағы аумақты және оған іргелес көшелерді жаңарту. Осы жоба аясында Гете көшесін «Раиса ана» мешітіне дейін абаттандыру, яғни аумақты көгалдандыру, шағын сәулет нысандарын орнату, қосымша тұрақ аймағын салу жоспарланған.

2024 жылы Біржан сал мен Гете көшелерін қоса есептегенде, вокзал маңы аумағының бір бөлігіне ауқымды жаңарту жүргізілді. Мұнда жаңа жаяу жүргіншілер тротуарлары орнатылып, қоғамдық кеңістіктер ашылды, жасыл желек отырғызылды. Сол сияқты «Жастар» театрының алдындағы аумаққа көгалдандыру жұмысы жүргізіліп, жергілікті суару жүйесі енгізілді.

Биыл Байқоңыр ауданында 2025 жылы 1000-нан астам ағаш және 33 мыңнан астам бұта отырғызу жоспарланып отыр. «Ұстаздар» алаңында, Абай даңғылының бойында, сондай-ақ «Самғау» сауда орталығына қарама-қарсы 191-көшеде жаңа жасыл орындар пайда болады. Мұнда емен, қара ағаш, үйеңкі, сирень және арша отырғызылады. Сондай-ақ жеті қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланған. Осылайша, биыл Алаш тас жолы (Бөгенбай батыр даңғылы көпірінен 69 көшеге дейін); Уәлиханов көшесі (Бөгенбай батыр даңғылынан Сейфуллин



көшесіне дейін, «Тұлпар» сауда орталығының алдында); Абай даңғылы (Республика даңғылынан Ш.Уәлиханов көшесіне дейін); А.Жұбанов көшесі (Тархан көшесінен А.Пушкин көшесіне дейін); С.Сейфуллин көшесі (Республика даңғылынан Ш.Уәлиханов көшесіне дейін); Кенесары көшесі (Республика даңғылынан Ш.Уәлиханов көшесіне дейін) және Есіл өзенінің жағалауы (Қараөткел көпірінен Амман көшесіне дейін) абаттандырылады. Мұнда жер төсеніштері ауыстырылып, тротуарлар орнатылады, орындықтар, урналар мен жарықтандыру элементтері қайта жабдықталады, сондай-ақ көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Нұра ауданының аумағында 10 мың ағаш және 110 мың бұта отырғызылады. Сығанақ, Айтматов, Гапеев көшелерінің бойында, сондай-ақ «Мадрид», «Алтын Шар», «Копенгаген» және басқа да тұрғын үй кешендерінің жанында көгалды орындар ашылады. Орталық саябақты көгалдандыру және Үркер тұрғын алабында скверлер құру, «Хан Шатыр» COO-да Greenline жаяу жүргіншілер бульварын жалғастыру жоспарланған. Қ.Мұхамедханов, Күлтегін, Сығанақ және Әнет баба көшелерінің алаңында демалуға және серуендеуге ыңғайлы жасыл кеңістік ашылды.

Осы жылы Есіл ауданында көгалдандыру бойынша жоспарлы жұмыс аясында Ботаникалық бақта, ЕХРО аумағында, Жошы хан, Ә.Кекілбаев, Ә.Бөкейхан, Хусейн бен Талал, Т.Рысқұлов, Гейдар Әлиев, Керей-Жәнібек хандар көшелерінің бойында, Қабанбай батыр даңғылында 16 мыңнан астам ағаш, 68 мыңнан астам бұта және 68 мыңға жуық көпжылдық өсімдік отырғызылады. LRT бағыты бойындағы көшелерді, атап айтқан-

да, Сығанақ көшесі мен Қабанбай батыр даңғылын көгалдандыруға ерекше назар аударылады.

АЙНАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Күн жылынғалы бері Астанада көгалдандырумен бірге айналаны абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Қала басшысының мәлімдеуінше, биыл елордада бір миллион жасыл желек отырғызылады. Бүгінгі таңда Ғұмар Қараш пен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы тарихи көшелерді жаңарту аясында 5 га аумақ абаттандырылып, ағаштар отырғызылды. Е.Рахматиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның алдында жарықтандыру жұмыстары жүріп жатыр. «Илюзия паркін» қайта жөндеуге ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында көлік айрығының құрылысы жүргізілуде.

Байқоңыр ауданында биыл 88 ауланы абаттандыру жоспарланған, оның 18-і кешенді түрде жаңартылады, ал 70-і жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында қалпына келтіріледі. Сондай-ақ Есіл ауданында Ұлы дала даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейінгі учаскеде Мәңгілік ел даңғылын абаттандыру жалғасады.

Сарыарқа ауданында «Халық қатысатын бюджет-2025» жобасы аясында 30-дан астам ауланы күрделі жөндеу жоспарланып отыр. Алматы ауданында да көшелерді кешенді абаттандыру басталды. Атап айтқанда, Қ.Мұңайтпасов көшесі мен М.Жұмабаев даңғылында жөндеу жұмыстары жүргізіледі, онда төсемдерді ауыстыру және жаңа орындықтар мен урналар орнату жоспарланып отыр. Жо-

баның негізгі аспектілерінің бірі кедергісіз орта құру болса, бұл қимыл-қозғалысы шектеулі азаматтардың еркін қозғалуына мүмкіндік беретін жайлылық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, «Күйшілер» аллеясын қайта қалпына келтіріліп, онда орындықтар, урналар мен жарықтандыру тіректері ауыстырылады. Биыл ауданда 10 мыңнан астам жасыл желек отырғызылады.

Сарайшық ауданында 2025 жылы көгалдандыру көлемін ұлғайту және 14 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда. 3 қоғамдық кеңістік, атап айтсақ, «Хайвил» ТК айналасындағы аумақ, Жұмысшы мамандықтар аллеясы (Жүргенов, 27/1, 28/1) және «Bravo Family» ТК жанындағы алаң абаттандырылады.

Көгалдандыру бойынша жоспарлы жұмыс аясында Ж.Нәжімеденов көшесінде (Ш.Қалдаяқов көшесі Тәуелсіздік даңғылына дейін), «Тәуелсіздік» көпірінің аумағында, Ұлы дала даңғылында көпірден Ж.Нәжімеденов көшесіне дейін, Жүргенов көшесі, 28/1 және Жүргенов көшесі, 27/1 үйлерінің жанындағы скверде, С.Нұрмағамбетов көшесінде (Р.Қошқарбаев даңғылынан А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін), Панфилов көшесі бойынша (Тәуелсіздік даңғылынан Н.Нұрмақов көшесіне дейін) жаңа жасыл желектер отырғызылады.

Биыл қалада ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жалғасады. 2025 жылы Қабанбай батыр даңғылындағы көпірден Амман көшесіндегі көпірге дейін Есіл өзенінің жағалауы абаттандырылып, Есіл өзенінің бойындағы саябақ аймағы, Бейбітшілік және келісім саябағы, Триатлон паркі, Президенттік саябақ және «Қалалық романс» паркі көгалдандырылады.

АШЫҚ ТЕРЕЗЕ – БАЛАҒА ҚАУІПТІ

Астанадағы Сарайшық ауданында балалардың терезеден құлау жағдайының алдын алу мақсатында профилактикалық акция ұйымдастырылды. Іс-шараны қалалық Төтенше жағдайлар департаменті, жергілікті атқарушы органдар мен қалалық мәслихат депутаттары өткізді.

Акцияға ата-аналар, меншік иелері бірлестігінің өкілдері мен жедел қызмет мамандары қатысты.

Сарайшық ауданы ТЖ басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Бақыт Қожакеев балалардың терезеден құлау мәселесі әлі де өзекті екенін жеткізді.

– Жыл сайын күн жылына бастағанда мұндай оқиғалар жиілей түседі. Балаларды тіпті бірнеше минутқа назардан тыс қалдыру, әсіресе терезелер қорғаныс құрылғыларымен жабдықталмаған болса аса қауіпті. Соңғы үш жылда Астанада балалардың

кейден қорғауға арналғандықтан, баланың салмағын көтере алмайтыны белгілі. Ата-аналар балақайларын қараусыз қалдырмай, әр балаға мұқият болса екен. Москитке сүйенген бала ойнап отырып абайсызда тормен бірге сыртқа құлап кетіп, қайғылы оқиғалар орын алуы мүмкін. Балаларды ешқашан қараусыз қалдыруға болмайды. Қауіп-қатерді алдын ала болжау – ересектердің міндеті, – деді депутат.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылар көпбалалы отбасылардың бірінің үйінде терезе бекіткіштерін



терезеден құлауына қатысты шамамен 30 жағдай тіркелді, өкінішке қарай, кейбірі өліммен аяқталды, – деді ол.

Балалардың терезеден құлап кету қаупіне байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға қатысушылар жас және көпбалалы отбасылар тұратын көпқабатты үйлерді аралап, қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, терезе бекіткіштерін орнату қажеттігін айтты.

Қалалық мәслихат депутаты Мадина Әжікенова ашық терезе балалар үшін аса қауіпті екенін ескере келе, олардың қауіпсіздігі ең алдымен ересектердің күнделікті жауапкершілігі екенін атап өтті.

– Москит торлары – қорғаныс құралы емес, терезеге орнатылған москит торы маса мен шыбын-шір-

орнату тәртібін көрсетті. Бұл құрылғылар терезенің толық ашылуына жол бермейді және баланың құлау қаупін азайтады. Мұндай көмек қажет отбасылардың мекенжайы алдын ала анықталып, орнату ерікті түрде жүргізілді. Аралап өту барысында ескерту қағаздары ілініп, ата-аналар мен балалармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мамандардың мәлімдеуінше, жыл басынан Астана қаласы бойынша 24 бала терезеден құлап, 6 мерт болды. Мұндай жағдайда ата-аналарға салынатын айыппұл мен бас бостандығынан айыру қарастырылады.

Акция аясында ТЖД өкілдері ата-аналармен профилактикалық әңгіме өткізіп, қауіптің алдын алу бойынша негізгі ережелер жазылған ақпараттық парақшалар таратты.

ЖҰБАНОВ КӨШЕСІ КӨРІКТЕНДІРІЛЕДІ

Байқоңыр ауданында Тархан көшесі мен Пушкин көшесінің аралығын қамтитын Жұбанов көшесіндегі бос кеңістік кешенді абаттандырылып, аталған учаскеде жаңа гүлзар пайда болады.

Гүлзардың жалпы аумағы 4500 шаршы метрді құрайды. Абаттандыру барысында ауқымды көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде көпжылдық бұталар мен ірі ағаштар отырғызылады. Біртұтас стильдегі орындықтар, үстелдер, қоқыс жәшіктері секілді сыртқы жиһаздар орнатылады.

Бұдан бөлек, тұрғындардың қауіпсіз қозғалысы үшін жарықтандыру жұмыстары да жүргізіледі.

Сонымен қатар, автотұрақ алаңын жайластыру да жоспарлануда.

Байқоңыр ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, аталған кеңістікті абаттандыру барысында осы учаскеге іргелес орналасқан №5 мектепке баратын жаяу жүргіншілер жолы да абаттандырылып, кеңейтілетін болады. Бұл ата-аналар мен балалар үшін және мектеп қызметкерлері үшін көптен бергі проблемалық мәселелердің оң шешілуіне ықпал етеді.

Кешенді абаттандыру жұмыстары Жұбанов-Пушкин көшелерінің қиылысымен Кравцов көшесіне дейін жалғасады.

Индира БЕРЖАНОВА

НАРЫҚ СҰРАНЫСЫ МЕН
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
АЛШАҚТЫҚ БАР

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек нарығының сұранысын арттыруға бағытталған бастамалар көтеріліп келеді. Соның бірі ретінде мектептерде кәсіби бағдар беру бағытымен енді арнайы мамандар айналысады. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, қазірдің өзінде республика бойынша 1159 педагог-кәсіби бағдар беруші еңбек етуде. Алдағы оқу жылында олардың саны 8 мыңға дейін артпақ.

«Педагог-кәсіби бағдар беруші негізгі және жоғары сыныптардың білім алушыларымен жүйелі жұмыс жүргізеді. «МАМАН» ұлттық кәсіби бағдарлау бағдарламасы шеңберінде ерте кәсіби бағдарлау енгізу жоспарлануда. Оның қызметі кешенді сипатта. Оқу жылы ішінде барлық жастағы білім алушымен жоспарлы жұмыс істеу, тәрбие жұмысымен біріктірілген форматта қосымша сабақтар өткізу қарастырылады. Бұдан басқа, міндетті пәндермен ықпалдастыру тетігі ұсынылады. Жоғары сыныптарда негізгі бағыттардың бірі – оқушылардың колледждермен, жоғары оқу орындарымен, кәсіпорындармен байланыс орнатуы» деді өз сөзінде жауапты министрліктің орта білім беру комитетінің баспасөз хатшысы Айгерім Ашықбаева.

Елімізде сала мамандары болғанысын өзінде олар оқушылардың сүйікті мамандықтарын таңдауға, дұрыс бағыт-бағдар беруге, жұмыссыздар санын азайтуға ықпал ете алатын шығар. Бірақ оқушылардың көбі таңдайтын жоғары оқу орындары еңбек нарығының сұранысын әлі де қамти алмай отыр. Өйткені филологтарды оқытуға бейімделген ЖОО білікті химик не инженерлерді оқытуға қауқарсыз келеді. Мұндайда грант үшін оқитын студенттер емес, грант үшін оқытатын ЖОО саны көп көрінеді. Осыны мәлімдеген ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер жөніндегі институтының қоғамдық пікірді мониторингтеу бөлімінің бас сарапшысы Гүлназ Қасымова қазіргі қазақстандық еңбек нарығындағы жағдай алаңдатарлық деңгейде дейді.

«Қазақстанда инженерия, IT, жаратылыстану ғылымдары саласында білікті маман тапшы, екінші тұрғыда гуманитарлық бағыттағы даярланған кадрлар саны көп болғанның өзінде, олар өз білімін іс жүзінде қолдана алмай жүр. Түлектердің мамандығына сай жұмыс таба алмауы



КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУГЕ ЖҮЙЕЛІЛІК ЖЕТІСПЕЙДІ

Кез келген кәсіптің нәсібі мамандықты дұрыс таңдағанда еселеп артады. Алайда бұл таңдауға келгенде шалыс басып, салдарынан жұмыссыз қалып, мамандығы бойынша қызметті әрі алып кете алмай, қиналатындар баршылық. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елімізде колледж бітірген жастардың шамамен 29 пайызы, ал жоғары оқу орындары түлектерінің 17 пайызы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Десе де, кейбір бейресми дереккөздерге сай оқу орнын бітіргендердің 40-60 пайыздай үлесі басқа салада еңбек етуді құп көреді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін биыл орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіби бағдар беруші лауазымы ресми түрде енгізілді. Бастама саладағы мәселені шешуге қаншалықты ықпал етпек? Елімізде кәсіптік бағдар беру деңгейі қандай?

ның негізгі себебі – білім беру жүйесі мен еңбек нарығының арасындағы алшақтық. Жоғары білім саласына мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп, мыңдаған грант ұсынылғанымен, нақты нәтиже көңіл көншітпейді.

ЖОО мен колледж түлектері көбіне қызмет көрсету саласына кетіп жатыр немесе жоғары білімді талап етпейтін жұмыс орындарын иеленуде. Мұндай үрдіс жұмыссыздықтың көбеюіне алып келеді. Бұл мәселені шешуде мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесін жүйелеу маңызды. Бірақ еліміздің әр өңіріндегі мектептерде кәсіби бағдар бірізділікпен жүргізілмейді. Соның салдарынан оқушылар болашақ мамандығын таңдау кезінде көбіне дипломның беделіне қарап шешім қабылдайды, ал еңбек нарығындағы сұраныс ескерусіз қалады. Сондықтан білім саласына реформа енгізу –

бүгінгі күннің нақты қажеттілігі. Егер кешенді өзгерістер жүзеге аспаса, еңбек нарығындағы тепе-теңдік бұзылып, әлеуметтік теңсіздік тереңдей түсуі мүмкін» деді сарапшы.

МАМАНДЫҚ
ТАҢДАУДЫҢ МАШАҚАТЫ
ҚАЙТСЕ ШЕШІЛЕДІ?

Жыл сайын жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының сапасын анықтау мақсатында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арнайы рейтинг жүргізіп келеді. Биылғы рейтингке еліміздің 95 жоғары оқу орны қатысты. 17 критерий бойынша жүргізілген рейтингте түлектердің мансаптық мүмкіндіктері, білім беру бағдарламаларының сапасы, жұмысқа орналасу деңгейі мен ұзақтығы және т.б. бағаланды.

Рейтингті саралайтын болсақ, өткен жылмен салыстырғанда түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі төмендегенін көруге болады. Былтыр бұл көрсеткіш 81 пайыз болса, биыл 75 пайызды құрады. Оған себеп болған негізгі факторлар туралы «Атамекен» ҰКП Басқарушы директоры – Адами капиталды дамыту департаментінің директоры Азамат Бейсенбеовтен сұрадық. Спикердің сөзінше, оның бір себебі – түлектердің мамандығын кәсіптік бағдар берусіз таңдауы.

– Кейбір мамандықтар бойынша еңбек нарығында артықшылық байқалады. Түлектер саны бос жұмыс орындарынан асып түседі. Екіншіден, экономикалық тұрақсыздық пен жекелеген салалардағы өсім қарқынының баяулауы жас мамандарды жұмысқа қабылдаудың азаюына әкелді. Сонымен

қатар, түлектердің барлығында бірдей жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін практикалық дағды жоқ. Бұған қоса, кейбір студенттер мамандықты дұрыс кәсіби бағдарсыз таңдайды, сәйкесінше бұл жұмысқа орналасуда қиындық тудырады. Сондықтан айтарым, мектеп оқушылары өз қабілеттері мен еңбек нарығындағы сұранысты дұрыс түсінуі үшін оларға ерте кезеңнен кәсіби бағыт-бағдар берілгені маңызды. Біз өз тарапымыздан талапкерлерге мамандық таңдауда көмектесу үшін рейтинг нәтижелерімен таныстырып, арнайы семинарлар, ақпараттық сессиялар өткіземіз. Сонымен қатар, ата-аналар мен мектеп мұғалімдеріне де түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды, өйткені олар да болашақ түлектердің таңдауына әсер етеді, – деді А.Бейсенбеов.

Кәсіптік бағдар беру тек ЖОО-ға түсу үшін ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттері үшін де бірдей қажет. Сондықтан колледж студенттерінің үлесін есептей келе, арнайы маманның жұмысы ерте жастан басталуы керек-ақ. Шетелдік тәжірибеге қарағанда, елімізде бұл бағыт тіпті ақсап тұрғандай. Мәселен, Финляндия мектептерінде 7-сыныптан бастап, «Мамандық таңдау негізі» пәні оқытылса, Германияда 8-9-сыныптарда міндетті өндірістік практика бар, ал Швецияда 9-сынып оқушылары кәсіпорындарда арнайы тағылымдамадан өтеді. Еліміз де халықаралық мысалдың қа-

жетті жерін былтырдан бастап қолға ала бастады. 10-11-сынып оқушылары мектепте оқып жүріп, колледждерде қалаған мамандығы бойынша кәсіби білім алу мүмкіндігіне ие. Оқуын бітіргеннен кейін колледж дипломы да беріледі. Бұл бастаманы өткен жылы Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов көтерген еді. Депутат сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын кеңінен насихаттау үшін оқу-өндірістік комбинаттарын енгізуді ұсынды. Десе де, өткен ғасырдың тәжірибесін бүгінде жаппай енгізудің мәселесі де бар. Колледждердегі оқу-өндірістік шеберлерінің тапшылығынан бұрын, оқушыларды жаппай оқыту үшін кей білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымның бәрі заманауи деуге келмейді. Осы бастан оқушыларға қажеті – мамандық таңдауды ақыл сүзгісінен өткізуге ықпал етер білікті маман. Бұл бағытта бірнеше жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан арнайы ұйымдар мен жекеменшік орталық бар.

Солардың қатарындағы «Профориентологтар» қауымдастығының төрағасы Жадыра Тойбайдың айтуынша, кәсіби бағдар беруші педагогтарды арнайы оқытатын бағдарлама Қазақстанда жоқ. Бакалавр дәрежесіндегі диплом берілмегендіктен, педагогтар шетелдік бағдарламаларға жүгінуге мәжбүр.

– Оқушылары грантқа көп түскен ЖОО-дағы негізгі мәселенің бірі – 2-3-курс студенттерін «ұстап қалу». Яғни, мектеп түлегі мамандық өзіне ұнамаса да грантқа түсіп, алғашқы жылы бұл саламен танысқаннан кейін жоғары курстарда өзін сол маман иесі ретінде әрі қарай көрмей жатады. Тіпті 4 жылын оқуға сарп етіп, артынан дипломы бар, жұмысы жоқтардың үлесі де жетеді. Осындай мәселенің бірден-бір шешімі – кәсіптік бағдар беру. Егер балаға 7-сыныпта кәсіптік бағдар берілсе, 11-сыныпта ол қай саланы таңдайтынын біліп жүреді де, ҰБТ-ға мақсатты түрде дайындалады. Нәтижесінде грант саны да дұрыс игеріледі.

Қандай да бір ауру-кеселді емдеу үшін дәрігерге қаншалықты жиі қаралсақ, кәсіби бағдар беруші маманның да соншалық деңгейде көмегіне жүгінген абзал. Десе де, қаладан бұрын ауыл-аймақтарда кәсіптік бағдар беруге қатысты ақпарат кемшін. Педагогпен кеңесіп, мамандық таңдау дегенді кейбірі білмейді. Гранты көп мамандықты таңдай салады. Бірақ қоғамда мамандық таңдауда өз қабілеттерін ескеріп, жауапкершілікпен қарайтын оқушылардың бары қуантады. Соңғы екі жылда ақилы түрде жеке кеңес алуға жүгінетін ата-аналар да бұған бейжай қарамайды, – деді Ж.Тойбай.

БАЛАНЫ ТЫҢДАЙ БІЛУ КЕРЕК

Астана қаласында кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу шаралары және жазғы демалыс алдында бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбында қалалық семинар кеңес өтті. Оған білім саласы мен бала қауіпсіздігіне тікелей жауапты мамандар қатысты.

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыұлы мен «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының вице-президенті Гүлнар Балғабаева модератор болған кеңес барысында қазіргі қоғамда өзекті болып отырған бірқатар күрделі мәселелер кеңінен қозғалды. Атап айтқанда, оқушылар арасындағы буллинг (қосым көрсету), суицидтік әрекеттер, сондай-ақ аутизммен өмір сүретін балалармен жұмыс істеу жолдары айтылды.

Мамандардың айтуынша, оқушылардың сабақ үлгерімінің төмендеуі, мектепке бейімделе алмауы, күйзеліске жиі ұшырауы – көбінесе үйдегі

атмосфераға, яғни ата-ана мен баланың қарым-қатынасына тікелей байланысты. Оған нақты мысалдар келтірілді. Баланың эмоциялық жағдайын дұрыс қабылдай білу – тек ата-ананың ғана емес, мектептің де үлкен жауапкершілігі екенін атап өтті. «Бұл ретте сынып жетекшісі, директор, психолог – осы үштік байланыс өте маңызды. Кейде баланың үнсіз жанайқайын ести алмай жатамыз. Психологтың, сынып жетекшісінің, мектеп әкімшілігінің балаға жақындай білмеуі – үлкен қауіптің басы. Баланы тыңдай білу – оны алдағы төніп тұрған қауіптің алдын алу процесінің алғашқы баспалдағы» деді жиынға қатысушылардың бірі.

Сондай-ақ кеңес барысында мектепте



жүргізілетін анкета мен сауалнамалардың тиімділігіне қатысты сын-пікірлер де айтылды. Көп жағдайда оқушылар өз ойын ашық білдірмейтінін, формалды түрде толтырып, ішкі сезімін жасыратынын ата-аналар да, ұстаздар да біледі. Сондықтан оқушылармен ашық, сенімді қарым-қатынас орнатудың жаңа тетіктері қажет екені баса айтылды.

«111» СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ –
КӨМЕК ҚҰРАЛЫ

Семинарда балаларға психологиялық көмек көрсету бағытында «111 – Бірыңғай сенім телефоны» туралы да кеңінен айтылды. Қатысушылар бұл нөмірдің насихатталуы жеткіліксіз екенін, кейбір оқушылар бұл қызметтің бар екенін де

білмейтінін алға тартты. Ал естігеннің өзінде – қолдануға қорқатыны, мектеп қызметкерлеріне өз мәселесін ашық айта алмайтыны айтылды.

Семинар соңында Қасымхан Сенғазыұлы сөз алып, көтерілген барлық мәселенің назарға алынатынын жеткізді. Мұндай кездесулердің маңызын ескере отырып, семинар-кеңестерді тұрақты түрде өткізу туралы ұсынысын білдірді.

«Бала қауіпсіздігі – баршамыздың ортақ міндетіміз. Мектеп тек білім беретін орын ғана емес, баланың өмірлік жолында серігі болуы тиіс. Бүгінгі жиында қозғалған мәселелер елеусіз қалмайды. Оны шешу – барлығымызға ортақ жұмыс» деп түйіндеді.

Жалпы, қоғамда болып жатқан өзгерістер балалардың психологиялық жағдайына да тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндай бастамалар – уақыт талабынан туған қажеттілік.

Нәсіпхан СПАН,
ЕҰУ-дің студенті

Фестивальге Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының басшысы Мұхтар Еркетаев және басқа да мәртебелі қонақтар қатысып, елорданың мәдени өміріне ерекше үлес қосып жүрген белсенді зейнеткерлерді шығармашылық жетістіктерімен құттықтап, арнайы сыйлықтармен марапаттады.

Өнер байқауына 61-75 жас аралығындағы зейнеткер өнерпаздар қатысып, көпшілікке әсерлі өнер көрсетті.

Фестивальдің негізгі мақсаты – Астана қаласындағы талантты зейнеткерлерден құралған шығармашылық ұжымдардың өнерін насихаттау, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, сонымен қатар аға буынның өмірлік тәжірибесі мен мәдени мұрасын жастарға үлгі ету, белсенді зейнеткерлік өмір салтын қолдау.

Мәдени шараға Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа, Нұра, Есіл және Сарайшық аудандарынан 200-ден астам өнерпаз қатысты. Олар 14-15 мамыр аралығында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының аудандық филиалдарында өткен іріктеу турынан үздік атанған орындаушылар болатын.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналған кеш барысында патриоттық әндер, халық әндері, заманауи және авторлық шығармалар шырқалып, би қойылымдары орындалды.



БЕЛСЕНДІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР БЕЛЕСІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның сахнасында рухани мазмұнға толы мәдени іс-шара – «Ардагерлер көктемі» атты шығармашылық ұжымдар фестивалі өтті.

Гала-концертте «Беу, айдай», «Жас қазақ», «Қара кемпір», «Победа», «Ана туралы баллада», «Ауылым» әндері мен «Балбырауын» күйі орындалып, «Эхо войны», «Вальс фронтовой медсестры» билері және т. б. шығармашылық нөмірлер көрермен назарына ұсынылды.

Фестиваль қорытындысы бойынша үздік өнер иелері мен шығармашылық ұжымдар түрлі номинация бойынша марапатталды. «Үздік хор ұжымы» номинациясы бойынша Есіл ауданынан қатысқан халықтық «Есіл толқындары» ансамблі «Жас қазақ» әнімен жеңіске жетті. «Үздік

сахналық қойылым» атағын Байқоңыр ауданының «Жалын» би тобы «Соғыстың басталуы» прологымен иеленді. Алматы ауданының «Березка» вокалдық тобы «Победа» әнімен «Үздік вокалдық топ» деп танылса, Сарыарқа ауданының «Магия вальса» би ұжымы «Вальс фронтовой мед-



сестры» биімен «Үздік би тобы» атанды. Көрермендердің ыстық ықыласына ие болған «Қыздарай» би тобы (Нұра ауданы, «Эхо войны») және «Аэлита» тобы (Алматы ауданы, «Кумпарсита» аргентина биі) «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталды. Есіл ауданының «Сағыныш сазы» ансамблі «Беу, айдай» әнімен «Үздік эстрадалық композиция» атағына ие болды. Ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды насихаттағаны үшін Сарайшық ауданынан «Дайдидай» өнер ұжымы («Қара кемпір» әні)

арнайы марапатқа ие болды. Есіл ауданынан Бибіжамал Сұлтанова «Шырқа, гитара» авторлық шығармасымен «Авторлық шығарма» номинациясын жеңіп алды. Сондай-ақ Есіл ауданының «Қазына» ұжымы ұлттық аспапта орындалған «Балбырауын» күйімен «Ұлттық салт-дәстүрді сақтағаны үшін» номинациясымен марапатталды. Алматы ауданынан «Әдемі» хоры «Ана туралы баллада» әнімен «Армандар орындалады» номинациясына лайық деп танылды. Сарыарқа ауданынан Рауза Набиуллина «А зори здесь тихие» операсындағы Женьканың романсын орындап, «Үздік жеке орындаушы» атанды. Байқоңыр ауданынан Төребек Әбдіразақ Төкірұлы «Ауылым» әнімен «Шығармашылық шабыты үшін» марапатына ие болды. «Үздік орындаушы» номинациясы бойынша Алматы ауданынан Гүлбаршын Матаева («Бұлбұл» әні) және Сарайшық ауданынан Үмітжан Смайылқызы («Жалғыз арша» әні) жеңімпаз атанды.

Баянды ӘЛПИ,
Астана қаласы
Алматы аудандық
Ардагерлер кеңесінің мүшесі



ҚАРЫЗ АЛДЫҢ – ҚАЙҒЫ АЛДЫҢ...

Бүгінгі депутаттық сауалым қарыздың қамытын киген қазақты құтқарудың орнына несиеге көміп, көкесін көзіне көрсеткен жағдай жайлы. Қазақ ықылым заманнан «қарыз алдың – қайғы алдың» дейді. Сол қайғыны қажеттілік үшін алатындар бар, амалдың жоғынан банкке баратындар бар. 2025 жылдың басында қазақстандықтардың кредиттік портфелі 24,1 трлн теңгеге жеткені жарияланды. Бұл бір жыл бұрынғы берешектен 22,9% көп.

Бұрын бұқара кредитті барып алатын еді, қазір кредит өз аяғымен келіп жүр. Себебі интернетті ашып қалсаң, телефонды қосып қалсаң, несие ұсынған компаниялардан аяқ алып жүре алмайсың. Банк телефон шалып «кредит алыңыз» деп қиылып тұрады, қала берді займ, найм, микрозайм, айлыққа дейінгі қарыз деген неше түрлі астам телефоннымызға күн сайын несие алуға үндейтін сансыз хабарлама келеді. Тіпті көбі «сізге осынша теңге несие шықты, келіп алыңыз немесе сілтемемен өтіңіз» деп жазады. Ағайынды ашындыратыны осы, бүкіл елдің телефон нөмірі, жеке деректері, құжаттағы ресми ақпараттары айналадағы, болмаса айдаладағы компанияларда қайдан жүр? Сандық технологияны дамытамыз деп елдің жеке мәліметі жиналған сандықты кім ашып тастады? Алаяқтар мен кредит бергіш компанияларға біздің

деректерді кім ұсынып жүр? Цифрлық даму министрлігі бастаған ведомстволардың жеке деректі мұқият сақтаймыз дегені осы ма? Бұған кім жауап береді? Міне, менің өзіме қанша SMS келді. Бұдан бұрын азаматтарымыздың денсаулығына қатысты деректер тарап кетті, кейін отбасы мүшелеріне, бала-шағамызға қатысты деректер желіде жүрді, енді жеке құжаттағы мәліметтеріміз бен телефон нөмірлеріміз әркімнің қолында жүр. Бұл қалай болғаны? Қазір қандай да бір мемлекеттік немесе жеке қосымшаға кірейін десең «сіздің жеке мәліметтеріңізді өңдеуге рұқсат беріңіз» деген батырма шығады. Оған келіспесең бітті, ешқандай қызмет көрсетпейді. Ол жеке деректі алғандар оны кейін қайда қолданады, кімге береді, Құдай білсін. Артынша азаматтар алданып жатыр деп алашапқын боламыз. Себебі жеке дерегі қолды болған аза-

маттар жаппай алаяқтардың құрығына түсіп жатыр. «Әзіл айту мен қарыз алу кенет болу керек» дейді қазақ, қазір қарызға кіру де кенет болады. Нақты дерек, 2024 жылы қазақстандықтар 22900 рет интернет-алаяқтарға алданған, келтірілген шығын – 45,5 млрд теңге. Азаматтар «ақшамды есепшотымнан сыпырып алған алаяқ-

ты табыңыз» деп полицияға арыз жазады. Бірақ одан нәтиже жоқ. Себебі интернет-алаяқтыққа қатысты қозғалған істердің 81,8 проценті «қылмыс жасаған адамның анықталмауына байланысты» жабылып қалады. Бітті. Есепшотың тұрған банк өзіне мүлдем жауапкершілік алмайды. Тергеуші таппайды. Жеке деректеріңді, банктегі есепшоттарыңды кімнің, қашан, қалай қолды қылғанын да білу мүмкін емес. Сонда сандық технология халықты сан соқтыру үшін ойлап табылды ма?

Мына деректі оқып тіпті таңғалдым, алаяқтарға қарапайым адамдар алданғанын көріп-біліп жүрміз ғой. Ал былтыр интернет-алаяқтар мемлекеттік мекемелерді алдап, 8,4

миллион теңгесін ұрлап кеткен. Парадокс. Ел болса мемлекеттік мекемелер бізді құтқарады деп сеніп жүр...

Халықтың қалтасын қағып қана қоймай, өміріне қауіп төндіретін тағы бір дүние бар. Ол – биологиялық белсенді қоспалар. Сертификаты бар ма, тиісті тексеруден өткен бе, ол жағы беймәлім, жарнамасы жер жарып тұр бірақ. Және олардың қаржы айналымына қатысты да сұрақ көп.

Ұсыныстар:
1. Банктер «антифрод» жүйесін қосуы керек. Ол қандай да бір адамның жеке деректеріне сырттан қол сұғылған кезде немесе 1 адамның атынан қысқа уақытта бірнеше банкке, микроқаржы ұйымына кредит алуға өтініш тасталған кезде жүйені толық тоқтатады.

2. Азаматтардың несиелік жүктемесіне қарамай кредит берген жағдайлар көп. Адамның айлығы қарыз төлеуге жетпей тұрса да, алаяқтар қылмыстық жолмен сол кісінің атына несие алады. Осындай кезде банктер мен қаржы ұйымдары қайда қарайтыны түсініксіз. Сондықтан несиелік жүктеменің коэффициенттерін қайта қарау керек.

3. Кредит беретін кезде, қарыздың көлеміне қарамастан, адамдардың қаржы ұйымына өз аяғымен баруы немесе био-

метриялық тексеруден өтуін міндеттеу керек. Тек SMS-кодты енгізіп ақша аудару дегенді тоқтату керек.

4. Азаматтардың есепшотындағы ақшаны алаяқтың ұрлағаны, бірақ одан клиент хабарсыз болғаны дәлелденсе, банктер сол қаражатты азаматқа өз есебінен қайтарып беруі тиіс.

5. Интернет-алаықтармен күресуге тергеу орындарының неге әлі келмейді, не жетпейді? Толық сараптама жасап, жауабын беріңіздер.

6. Елімізде желілік маркетинг арқылы қызмет көрсететін компаниялардың жұмысы қаншалықты заң талаптарына сай? Осы бағытта құқықтық баға беріліп, биологиялық белсенді қоспаларды сататын ұйымдардан жапа шеккен азаматтардың құқығын қорғайтын іс-шаралар қабылдау қажет.

Нартай АРАЛБАЙҰЛЫ,
Мәжіліс депутаты



18 жасында майданға аттанып, өмір мен өлімнің арасында от кешкен даңқты батыр Әлмұқан Оспанұлы Сембинов Ақмола облысының Ақмола ауданында 1924 жылы 21 сәуірде дүниеге келген.

Дүйсекей байдың қызы Рысқали кезінде әкесіне жалданып жұмыс істеп жүрген, қолынан өнер тамған, алтын-күмістен әшекей бұйымдар жасайтын зергер «алтыншы Оспанмен» көңіл жарастырып, әкесі рұқсат бермеген соң қашып кетеді. Үй-күйі жоқ жастар біраз қиындық көреді, дүниеге екі ұл келеді. Азамат соғысы кезінде, 1918-1920 жылдары Ақмола өңірінде әр түрлі жұқпалы аурулар тарағаны, аштық жайлағаны тарихтан белгілі. Ақмола қаласы маңындағы қазіргі Оразақ ауылында тұратын Оспан да, ұлдары да сүзек ауруынан төсек тартып жатып қалады. Оспан мен балаларының ыстығы көтеріліп, еріндері кезеріп, жағдайы күннен-күнге нашарлай береді. Рысқали ана көз жасына ерік береді. Сонда ересектеу, 10-11 жастағы баласы «Анашым, жылама, біз өлеміз, біздің орнымызды басатын бізден де күшті батыр ұлдарыңыз болады» дейді. Рысқали екі ұлынан айырылады, Оспанның беті бері қарай бастайды. «Оспан аман болса, мен тағы ұл табамын» деп, Рысқали ана бойын тез жинап алады. Артынша Алтыншаш атты қызы, ал Оспан 40-тың бел ортасына келгенде Әлмұқан атты ұлы, 1933 жылы Мария деген қызы дүниеге келеді.

Оспан мен Рысқали 1924 жылы дүниеге ұл келгенде, қайғы жұттырған қазаны ұмытып, келешекке үміт арта қуанды. Сол жылы ата-анасы Ақмола қаласына көшіп келеді. Әкесі Оспан темір жол бойына слесарь болып жұмысқа орналасады. Әлмұқан 1933-1942 жылдары орта мектепте оқиды. Есіл мен Нұраның жағасында – қос өзеннің қасында еркін өскен Әлмұқан ортасымен балық аулап, аңға шығып, даланың қыр-сырына қанығып өседі. Мектепте футбол, хоккей ойындарына қатысып, жарыстардан шет қалмайды. Архив деректері бойынша ол Ақмола станциясындағы №32 орта мектепті 1942 жылы аяқтайды, сонымен қатар Ақмола аудандық халыққа білім беру бөлімінің 1942 жылғы 7 наурыздағы №93 бұйрығымен Островной ауылындағы жеті жылдық мектепке жұмысқа орналасып, сол жылдың наурыз айынан бастап 5-7-шыныптарға қазақ тілінен, дене шынықтыру пәндерінен сабақ береді.


1943 жылдың ақпанынан бастап соғыс аяқталғанға дейін Ә.Сембинов ІІ Беларусь майданына қарасты 1210-жаяу әскер полкінің, 362-атқыштар дивизиясы барлаушылар ротасының құрамында жау тылына талай рет аттанып, тың мәліметтер жеткізді. Жаумен бетпе-бет шайқасып, ерлік пен батыллықтың жарқын үлгісін көрсетті.

Үш жыл бойы жау тылын шолып, майданның қиямет-қайымын көзімен көрген Әлмұқан нағыз майдангерге айналды. Ол үшін сақтық тірі қалудың кепілі, сергектік әр қадамының серігі еді.

Қара түнді жамылып, жау шебіне жортқан сәттері аз болмады. Ажалмен сан мәрте беттесіп жүріп, «тіл» де әкелді, жаудың оқ жаудырған ұялары, темір тісті техникасы



Үш жыл бойы жау тылын шолып, майданның қиямет-қайымын көзімен көрген Әлмұқан нағыз майдангерге айналды. Ол үшін сақтық тірі қалудың кепілі, сергектік әр қадамының серігі еді



ЕСІМІ ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ...

мен қырып-жоятын қаруын дәлме-дәл әшкерелеп, шешуші сәттерде қажет деректі штабқа уақытылы жеткізіп отырды. Сол бойынша әскери бөлімшенің орталық штабында жаудың ниет-пиғылы алдын ала мұқият ескеріліп, соғыс жоспары жасалатын. Майдандағы әр қимыл – шабуыл не шегіну, қорғаныс шебін нықтау не қарсы соққы беру – барлығы барлаушылардың өмірін бәйгеге тіге жүріп жеткізген мәліметіне сүйеніп шешілетін.

Марапатқа ұсыну парағында Ә.Сембиновтің 1944 жылғы 27-28 маусымдағы шабуылда тапқырлығы мен батылдығы үшін деп көрсетілген екен. Ол алғашқылардың бірі болып қос тақтайға жабыса Днепрден жүзіп өтеді. Быхов қаласына кіріп, тоз-тозы шыққан жаумен шайқаса жүріп, дұшпанның шегіне бастағаны туралы белгі береді. Суға батып кеткен екі қайықты іздеп тауып, тазалап, батальонның өзеннен аман өтуіне жол ашады. 1944 жылы 23 шілдедегі 1210-атқыштар дивизиясының командирі подполковник Климачевтің ұсынысы бойынша 15 тамызда ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады.

Сол жылы тамыздың 28-інен 29-ына қараған түні «тіл» алып келуге тапсырма беріледі. Кулеш елді мекеніндегі қанды қақтығыста Әлмұқан Сембинов жау траншеясына бірінші болып ұмтылып, екі немісті жер қалдырады. Сол арада автомат оғымен 12 немісті жайратып салады. Бұл оның тағы бір ерлікке толы сәті еді. Батыл және шешімді іс-қимылмен берілген тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін 3 қыркүйекте ол ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады.

1945 жылы 9 ақпанда «тіл» алып келуге берілген тапсырманы абыроймен орындап, ерліктің тағы бір ерен үлгісін танытады.

Цирндорф пен Фогельзанг арасындағы елді мекенде жау шебіне жасырын өтіп, 14 неміс солдаттың үстінен түседі. Қаперсіз жатқан жауға граната лақтырып, сегіз фашисті жер жастандырады, біреуін тірідей ұстап, одан құнды мәліметтер алады. Ал 12 ақпанда дәл сол манда тағы бір тапсырманы орындауға кіріседі: жау тылына өтіп, үгіт парақтарын тастайды. Алайда қайтар жолда немістер барлаушыларды байқап қалып, ұрыс тұтанады. Оқ пен оттың ортасында қалғанмен, Әлмұқан ауыр жараланған қос жолдасын арқалап, ажал апанынан аман алып шығады. Осылайша жау шебінен «тіл» әкелу, ақпарат жинау, жау рухын шайқалту секілді талай ауыр тапсырманы ол абыроймен орындап отырды. Ерлігі еленіп, бұл жолы омырауына «Қызыл Жұлдыз» ордені тағылады.

1945 жылдың көктемі. Соғыстың соңғы, бірақ аса ауыр белесі. І Беларусь майданына қарасты 33-армияның барлау бөлімінің командирі Сембинов 23 сәуір күні тобымен аса маңызды тапсырмаға аттанады. Жол бойында тосқауыл ұйымдастырып, құнды құжаттар тиелген неміс машинасын тасталқан етеді. Үш офицердің көзі жойылып, дивизия штабының бір офицері тұтқынға алынады – бұл операция қарсыластың қоспарын бұзуға үлкен соққы болып тиеді.

Араға екі күн салып, 25 сәуірде ол алғашқылардың бірі болып Шлицин деревнясына кіреді. Қанды қақтығыста көптеген фашистің көзін жойып, тоғыз жау солдатын тірідей қолға түсіреді. Әлмұқанның бұл ерлігі соғыстың соңғы айларындағы шешуші сәттердің бірі болды. Батырлығы мен қайсарлығы үшін ол І дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады. Осы жылы оның омырауын өзге де марапаттары айшықтай түсті: «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Ұлы Отан соғысындағы үлгілі қызметі үшін», «Ұлы Отан соғысында

Германияны жеңгені үшін» медальдары мен «Үздік барлаушы» төсбелгісі ел үшін жанын шүберекке түйіп, жауға қарсы аттанған жауынгер еңбегінің лайықты бағасы еді.

«Майдан даласы біздің жауынгерлердің тамаша ерлігіне толы болды. Біз барлаушылар жаудың күші мен пиғыл-ниетін алдын ала біліп алу үшін бұйрықтың қандайын болсын бұлжытпай орындауға белді бекем бұған едік. Барлаушылардың бәрі де сауатты, ығай мен сығай, өңшең ержүрек жас жігіттер болатын» деп еске алатын Әлмұқан Сембинов.

Енді бірде: «Нағыз сарбаздар барлауда ерекше ерлік көрсете білді. Мен траншеяларда, жекпе-жек алдында жігіттердің ерлікпен өлгенін көрдім. Олар жеңіске деген сеніммен өлді. Олар әрқашан қорықпаудың ерекше үлгісін көрсетті. Барлық целиноградтықтар – менің жерлестерім! Мен де солдаттық міндетімді орындадым. Енді мен сарғайған газет беттерін парақтап, жігіттерді есіме түсіремін» деп өткенді жаңғыртып, ой толғапты.

Соғыс ардагері, ақмолалық журналист досы М.Гольдберг бірде Ә.Сембиновтан «Егер байқаусызда сәтсіздікке ұшырасаң, амалсыз жағдайда не істер едің?» деп сұрадым дейді. Әлмұқан күліп: «Мен ешқашан романтик болған емеспін. Соғыс өте қатал. Біздер, барлаушылар, соңғы оғымызды тек жауға сақтаймыз. Сені өлтірем дегенше, сен жауынды жойып, тағдырды жеңуге міндеттісің. Окопта не блиндаждағы шайқас санаулы секундтарда болады, біреуді атасың, біреуді аяқпен тебесің, біреуін пышақпен жайратасың. Патриотизм өзінді құрбандыққа шалу емес» деп қысқа да нұсқа жауап берді дейді.

Соғыстан кейінгі ел күйі – жаралы жүрек, сенірген жүрт. Бірақ бейбіт өмірдің бір кірпіші болуға ұмтылған жандар үшін майдан артта қалғанмен, күрес жалғасып жатты. Ә.Сембинов

соғыстан кейінгі еңбек жолын 1946 жылы Ақмола қалалық партия комитетінде нұсқаушы болып бастады, 1946 жылғы қараша айынан бастап Қазақстан лениншіл коммунистік партия комитетінде нұсқаушы болып бастады, 1946 жылғы қараша айынан бастап Қазақстан лениншіл коммунистік партия комитетінде нұсқаушы болып бастады.

Архив қорында Әлмұқан Сембиновтің 1949 жылы қалалық комсомол активінің жиналысында сөйлеген сөзі сақталған. Онда ол: «Ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасты түбегейлі өзгерту және байырғы тұрғындардан спорт кадрларын даярлау және ұлттық спорт түрлері бойынша секция сабақтарында бұқара үшін күрес жүргізу жөніндегі жұмысты өрістетуге қажет. Ұлттық спорт түрлерін дамыту комсомол ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе қала жастары арасында ұлттық спорт түрлері (бәйге, жорға жарыс, қазба күрес, көкпар және т. б.) мүлдем дамымайды» деп ұлттық спорт ойындарының дамуына жанашырлық танытады. Майдангердің жастарды тәрбиелеудегі еңбегі еленіп, 1948 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады.

Ә.Сембинов 1949-1951 жж. Алматы қаласында Марксизм-ленинизм университетінде (партия мектебі) оқиды. Сонымен қатар Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогика институтын сырттай оқып, 1951 жылы 30 маусымда тарих мамандығы бойынша бітіріп шығады.

1952 жылы ақпаннан бастап Сталин-Магнитогорск магистралі құрылыс басқармасы саяси бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарады. 1959 жылдың 15 желтоқсанынан бастап Ақмола құрылыс техникумының директоры, 1962 жылдан Целиноград қалалық партия комитеті қоғамдық ұйымының хатшысы, Целиноград қаласы №1 жол-құрылыс трест комбинатының директоры, Қазақ КСР Автомобиль жолдары министрлігінің ДСМ №1

оқу комбинатының директоры қызметтерін атқарады.

Целиноград құрылыс техникумы оқытушыларының 1962-1963 оқу жылына жасалған штаттық формулярынан Ә.Сембиновтің «Саяси экономика», «КСРО тарихы» пәндері бойынша дәріс бергеніне куә боламыз.

Ақмолалық батыр 1949 жылы ақмолалық өзбек қызы Магира (Галина) Жәлелқызымен (Сарымсакова) шаңырақ көтереді. Римма, Фатима, Ирина атты үш қызды тәрбиелеп өсіреді.

Денсаулығына байланысты 1971 жылдың соңғы айларында Карловы Вары қаласына барып, ота жасатып, емделіп қайтады. Қызы Ирина әкесі туралы өз естелігінде: «Әкем емделіп келген соң, өмірінің аз қалғанын іштей сезінді» дейді. Бұл сөзден майдангердің жан дүниесіндегі үнсіз күресті, қимастық сезімді аңғаруға болады. «Сол бір ақпанның ызғарлы күнінің алдында әкеме майдандас достарының бірі телефон шалды. Сонда әкемнің жүзінен алғаш рет мұңды көрдім. Телефон трубкасына:

Зима сорок первого года, Как совесть, заходит ко мне...» деген өлең жолдарын қайталады. Сол жолы қыстың ызғары қатты болды. ...Ол өте қарапайым тұрды, ақша, дүние жинамады. Қалтасына түскен артық-ауыс ақшаны мұқтаж адамдарға таратып беретін. Мүмкін біреулерге әкемнің мұндай жомарттығы түсініксіз болып көрінуі мүмкін, бірақ біз оның адам баласын қиындықта қалдырмауды өмірлік ұстанымына айналдырып алғанын білетінбіз. Әкем әрқашан жарыққа, тазалыққа ұмтылды. Жарқыраған күнді жақсы көретін. Кейде еңсесі түсіп кеткенде далаға, табиғатқа шығатын, көк шөпке жата қалып тыныстайтын» деген перзенттік сағыныштан туған жазбадан қазақтың қаһарман ұлының адами болмысы айқын сезіледі.

Ә.Сембиновтің Отанға адалдығы, ұстамдылығы, табандылығы, азаматтық бейнесі оны даңққа лайықты батыр деңгейіне көтерді. Ол қан майданның соқпақтарында «қазақ даласының ұлы» деген атты абыроймен алып шықты. Бейбіт өмірде де ел игілігі жолында аянбай тер төкті.

1972 жылдың 10 ақпанында жауынгер жүрек соғуын біржола тоқтатты. Бірақ Әлмұқан Сембиновтің жарқын бейнесі отбасына, туған-туыстарына, майдандас достары мен бірге қызмет еткен жолдастарына мәңгілік сағыныш пен құрметтің символына айналды. Оның ерлігі мен адамдық болмысы жайлы естеліктер жазылып, есімі жадымызда жаңғырып қалды. 1975 жылы Целиноград (Астана) қаласында көшеге аты берілді. 2022 жылы Сембинов көшесіндегі (Кенесары көшесінің қиылысы) өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Жақында Астана қаласы мемлекеттік архиві Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Әлмұқан Сембинов. Тағдыры тарихқа айналған» атты архив құжаттары мен материалдар жинағы жарық көрді. Туған жері Оразақ ауылында Ә.Сембинов атында көше бар. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 9 мамыр күні Оразақ ауылындағы Ұлы Отан соғысының жауынгерлеріне арналған мемориалды кешенге Ә.Сембиновке арналған тақта орнатылды. Оның ерлігі мен өнегелі өмірі кейінгі өскелең ұрпақтың санасында мәңгі жасай бермек!

Ғазиза ИСАХАН,
Астана қаласы
мемлекеттік архиві
ғылыми-зерттеу және
ақпараттық түсіндіру
жұмысы қызметінің
басшысы

БІТІМ БЕ, БОПСА МА?

Қазір соғыс тағы бір шешуші кезеңге аяқ басқандай. АҚШ президенті Трамп пен Ресей президенті Путиннің телефон арқылы тікелей сөйлесуі – қақтығысты тоқтатуға бағытталған дипломатиялық талпыныстың тағы бір көрінісі. Бұған дейін, 16 мамырда Ыстанбұлда Ресей мен Украина арасында өткен келіссөздер күрделі шындықтың бетін ашып берді. Аталған кездесу орта деңгейлі шенеуніктер деңгейінде өткенмен, тараптардың ұстанымын анық аңғартты. Украина майдан шебіндегі ұрыстарды 30 күнге тоқтату туралы ұсыныс жасағанмен, Ресей бұл бастаманы қабылдаудан бас тартты. Келіссөз нәтижесінде тараптар тек бір ғана нақты шешімге келген: «1000 тұтқынға – 1000 тұтқын» қағидаты бойынша тұтқын алмасуға уағдаласты.

Кремльдің мәлімдеуінше, Донецк, Луганск, Запорожье және Херсон облыстарынан Украина толықтай әскерін әкетпейінше, атысты тоқтату мүмкін емес. Керісінше, Ресей егер бұл талаптар орындалмаса, Сумы мен Харьков облыстарына дейін оккупацияны жалғастыратынын ашық мәлімдеді. Ал сарапшылар қауымы бұл процеске күмәнмен қарайды. АҚШ Соғысты зерттеу институты, «Карнеги» қоры мен Bloomberg сарапшылары президент Трампқа дабыл қағып, Ресейдің шын мәнінде бейбіт шешімге емес, соғысты ұзақ мерзімге созуға ұмтылып отырғанын алға тартты. Олардың болжамынша, Ресей 2025 жылдың жазынан бастап Украинаға қарсы жаңа, ауқымды шабуылға кірісіп, жоғарыда аталған 4 облысты әскери жолмен толықтай жаулап алуға ниетті. Алайда Америка және Батыс сарапшылары бұл сценарийдің жүзеге асуы екіталай деп санайды. Олардың пайымдауынша, қазіргі қақтығыс бір жақтың анық басымдығынан гөрі ұзаққа созылған позициялық соғысқа көбірек ұқсайды.

КІМНІҢ ҰПАЙЫ ТҮТЕЛ?

Соғысты тоқтату мақсатында басталған келіссөздер Ыстанбұлда жалғасуы тиіс еді. Украина тарапы 12 мамырдан бастап майдан шебіндегі ұрысты 30 күнге, ешқандай шартсыз тоқтатуды ұсынған болатын. Осыған жауап ретінде Ресей президенті Владимир Путин 15 маусымнан бастап келіссөздерді Түркияда жалғастыруды ұсынды. Зеленский ұсынысты қабылдап, Ресей басшысымен бетпе-бет кездесу үшін Түркияға аттанды. Бұл қадамды Трамп та қолдап, егер Путин келіссөзге келсе, өзі де Түркияға барып, кездесуге дайын екенін жариялады. Алайда Путин Түркияға барған жоқ. Оның орнына деңгейі төмен делегация жіберіп, бейбіт диалогқа өзі тікелей араласудан бас тартты. Сарапшылар мұны Кремльдің соғыстағы басымдығын көрсетуге, яғни «ал қайтесің?» деген саяси белгі ретінде бағалауда. Екінші тұрғыдан, Ресей тарапы бұл келіссөзден шынайы нәтиже күтпеген, тек дипломатиялық протоколды орындау немесе уақыт үту үшін ғана ұйымдастырған болуы да мүмкін. Бұл ресейлік басшылықтың соғысты жалғастыруға, оны ұзақ мерзімге созуға ниетті екенін көрсетеді. Бұл болжамның дұрыс екенін Ыстанбұлдағы келіссөзде ресейлік келіссөзшілердің «Біз соғысты қаламаймыз, бірақ 1, 2, 3 немесе одан да көп жыл соғысуға дайынбыз. Қанша қажет болса, сонша соғысамыз. Біз Швециямен 21 жыл соғысқан еміз. Ал сендер қанша уақыт соғысуға дайынсындар?» деп Украинаға сұрақ қойғанынан да аңғаруға болатын секілді.

ҰШБҰРЫШТЫ ӘҢГІМЕ

Ыстанбұлда кездесуге мүмкіндік болмағаннан кейін, 19 мамыр күні АҚШ президенті Трамп Ресей президенті Путинмен телефонмен сөйлесіп, Украинадағы қарулы қақтығысты тоқтату мәселесін талқылады. Екі сағаттан астам уақытқа созылған сөйлесудің нәтижесі бірқатар саяси мәлімдемеге ұласты. Қос тарап келіссөздің пайда-

МАЙДАНДАҒЫ САЯСИ САУДА

Ресей-Украина соғысы – әлемдік тәртіптің қай бағытқа бұрылатынын анықтайтын күрделі процесс. АҚШ пен Еуроодақтың ұстанымы, Ресейдің ішкі саяси-экономикалық тұрақтылығы және украин халқының табандылығы бұл соғыстың тағдырын шешпек. Әзірге нақты жеңімпаз жоқ. Бірақ әр тараптың шығыны мен ұстанымы олардың болашақтағы позициясына ықпал ететіні анық.



лы өткенін атап көрсетіп, соғысты тоқтатуға ниетті екенін білдірді. Сөйлесуден кейін Ресей басшысы Владимир Путин әңгімелесуді «конструктивті» және «пайдалы» деп атады. Оның айтуынша, Мәскеу үшін бастысы – қақтығыстың түпкі себептерін шешу.

«Ресей Украинамен ұрыс қимылдарын тоқтатуға мүмкіндік беретін меморандумды жасау бойынша жұмыс істеуге әзір. Онда принциптер мен мерзім қамтылады» деді ол журналистер алдында. «Ресей мен Украинаны бірдей қанағаттандыратын келісім табуымыз керек... Біз үшін ең маңыздысы – қақтығысты туындатқан алғышарттарды реттеу» деп нақтылады Путин.

Трамп та келіссөзден кейін Truth Social желісінде мәлімдеме жариялап, жауласқан тараптардың арасында соғысты тоқтату келіссөзі «дереу» басталатынын айтты: «Барлығы өте жақсы өтті. Ресей мен Украина дереу атысты тоқтату және одан да маңыздысы – соғысты тоқтату жөніндегі келіссөзге кіріседі. Келіссөздің шартын екі тарап өзара келісуі керек. Өйткені егжей-тегжейін олардан артық ешкім білмейді. Ресей АҚШ-пен ауқымды сауда жасағысы келеді, мен де соны қолдаймын. Ресейдің әлеуеті шексіз. Украина да өз елін қалпына келтіру барысында саудадан үлкен пайда көре алады» деді Трамп. Трамп бұл ақпаратты Еуропа елдерінің басшыларымен де бөліскенін, ал Ватикан келіссөздерге алаң болуға ынта танытқанын жеткізді.

Путин мен Трамп арасындағы келіссөздердің да өз реакциясын білдірді. Зеленский Трамппен де сөйлесіп, Мәскеуге үндеу тастады.

«Украина өзінің заңды территорияларын ешқашан әскерін алып кетпейді. Ол – біздің жеріміз! Киев Мәскеудің ұсынысын күтеді. Біз соғысты тоқтатқымыз келеді, бірақ Ресей не қалайтынын өздері де білмейтін сияқты» деді Зеленский. Сондай-ақ ол АҚШ, Украина, Ресей және ЕО елдері өкілдерінің қатысуымен жаңа келіссөз өткізу мүмкіндігін жоққа шығарған жоқ.

Путин, Трамп және Зеленскийдің бір күнде жасаған мәлімдемелері Украинадағы соғыс бойынша жаңа дипломатиялық кезеңнің басталуына үміт оятқандай. Алайда сөз бен істің арасындағы алшақтық әлі де сақталып тұр. Ресейдің «бастапқы

себептерді» жою ұстанымы, Траптың «сауда әлеуетіне» үміт артуы және Зеленскийдің «территориядан бас тартпау» позициясы үшбұрышты әңгіменің қиылыспайтын үш шетін айқындап тұрғандай.

САНКЦИЯ САЯСАТЫ ҚАЙДА АПАРАДЫ?

Украина президенті Владимир Зеленский АҚШ президенті Дональд Трампты, егер Мәскеу жақын арада Украинада атыс-шабысты тоқтатуға көнбесе, Ресейге қарсы санкцияларды күшейтуге шақырды. AFP агенттігі аты-жөні аталмаған жоғары лауазымды украин шенеунігінің сөзіне сүйеніп, Зеленский мұны Трамппен телефон әңгімесі кезінде айтқан деп хабарлады.

Германия канцлері Мерц те Трамп пен Путин арасындағы келіссөздерден кейін «ЕО мен АҚШ Ресейге қарсы санкциялық қысымды арттыруға келісті. Біз Украинаның бейбітшілікке ұмтылысын қолдаймыз. Бұл туралы Трамппен келістік» деп мәлімдеді. Бұл Батыстың бірлескен әрекеті Ресейге қарсы «экономикалық шеңберді» біртіндеп тарылтып келе жатқанын аңғартты.

Ал АҚШ Мемлекеттік хатшысы Марко Рубио «АҚШ конгресінде Ресейге қарсы жаңа санкциялар туралы заң жобасын қабылдауға жеткілікті дауыс бар» деп мәлімдесе, АҚШ вице-президенті Вэнс жағдайдың күрделене түскенін айтып, «Путин соғыстан қалай шығуды білмейді. Ол тығырыққа тірелді» деді.

Reuters агенттігінің хабарлауынша, Еуроодақ G7 елдеріне ресейлік мұнайдың шекті бағасын 60 доллардан 50 долларға түсіруді ұсынған. Бұл бастама ЕО-ның кезекті 17-санкциялық пакетінің құрамына енбек. Яғни жаңа санкциялар Ресейдің «осал тұсына», атап айтқанда, мұнай экспортына, логистикасына және көлеңкелі флотына бағытталған. 17-санкциялық пакетте Ресейдің «көлеңкелі флотындағы» 200 кеме санкциялық тізімге енгізілген. Яғни Ресейдің мұнай тасымалына тікелей соққы жасалып отыр. Осыған дейін Ұлыбритания да бұл науқанға қосылып, 100 нысанға санкция салуға әзір екенін мәлімдеді.

Ресей жағы әзірге бұл санкцияларға нақты жауап қатқан жоқ. Алайда бұған дейін Кремль санкцияларды «экономикалық соғыс»

деп атап, оларды айналып өтудің түрлі жолын (көлеңкелі тасымал, делдал елдер арқылы экспорт, юань және рупиймен есеп айырысу) қарастырып келген.

Санкциялардың ұзақмерзімді салдары Ресейдің энергия экспортына тәуелділігін арттырып, инвестициялық климатын нашарлатып, жаңа технологиялар мен логистикадан оқшаулануына әкелуі мүмкін. Дегенмен Батыс санкцияларына Қытай мен Үндістан ресми түрде қосылмағанмен, бұл елдердің ұстанымы шешуші рөл атқарады. Қытай санкцияға іліккен тауарлардың бір бөлігін өз нарығына қабылдап отыр. Үндістан да ресейлік мұнайды жеңілдікпен сатып алып, Мәскеуге экономикалық дем беріп келеді. Сондықтан сарапшылар «Батыс санкциялары толық нәтиже беруі үшін Қытай мен Үндістанның бейтараптығы маңызды» деген пікірде.

СОҒЫСТЫҢ СОҢЫ НЕМЕН ТЫНАР?

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың бітуі бірнеше түрлі сценарий бойынша өрбуі мүмкін. Оның әрқайсысы халықаралық санкциялардың тиімділігіне, ішкі саяси процестерге және жаһандық күштердің ұстанымына тікелей байланысты.

Позициялық соғыстың ұзаққа созылуы. Бұл жағдайда екі жақ та шешуші жеңіске жете алмайды. Соғыс майдан шебінде ұдайы ұрысқа ұласып, бірнеше жылға созылуы мүмкін. Бұл – соғысушы тараптарға да, әлемдік қауымдастыққа да ауыр салдар әкелетін нұсқа.

Бітім және аумақтық ымыра. Батыс елдерінің арағайындығымен уақытша бейбіт келісімге қол жетуі мүмкін. Дегенмен мұндай ымыра Украина үшін толық әділетті шешім бола алмайды, өйткені кей аумақтардан бас тарту қаупі бар.

Кездейсоқ келісім және саяси өзгеріс. Ресей не Украина ішінде саяси өзгерістер орын алып, жаңа басшылық соғысты тоқтату бағытын таңдауы ықтимал. Бұл нұсқа соғыстың жылдам аяқталуына жол ашуы мүмкін.

Қайта ауқымды соғыс. Ресей жаңа, жаппай шабуыл бастаса, соғыс ауқымы кеңейіп, қақтығыс Еуропа қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіруі ықтимал.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚОРҒАНЫС ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Еуропа Одағы елдері көлемі 150 млрд еуро болатын қорғаныс қорын құру туралы келісімге келді. Мұны Еуропа комиссиясы 2025 жылдың наурыз айында ұсынған.



Бастама жақын жылдары қорғаныс қажетіне 800 миллиард еуроға дейін қосымша қаржы бөлуге мүмкіндік береді. Осы жоспар аясында 150 миллиард еуро несие ретінде тартылмақ, ол қаржы қару-жарақ сатып алуға да жұмсалады. Қалған 650 миллиард еуроны Еурокомиссия төрайымы Урсула фон дер Ляйен Еуропалық инвестиция банкінің қаржысы есебінен, жеке инвесторлардан, сондай-ақ Еуроодақ елдерінің қорғанысқа бөлетін шығынын арттыру жолымен алуды ұсынды.

ҚҰРСАУДАН ҚҰТЫЛДЫ

Еуропалық Одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі Кайя Каллас Сирияға қарсы экономикалық санкцияларды жою туралы шешім қабылданғанын жариялады.



ЕО Сирияға қатысты санкцияларды 2011 жылғы мамырда, елде азаматтық соғыс басталғаннан кейін енгізген болатын. 2025 жылғы 24 ақпанда, режимнің құлауынан кейін, ЕО санкцияларды біртіндеп тоқтату туралы алғашқы шешімін қабылдады. Бұл шешім банк ісі, энергетика және көлік салаларын қамтыған. ЕО өкілдері санкцияларды алып тастау кері қайтарылатын процесс екенін және Сириядағы жағдай қатаң бақылауда екенін атап өтті.

БАЛА АШТАН ӨЛМЕСІН

Нигерияның солтүстік-шығысындағы террористер белсенді әрекет етіп жүрген Борно, Адамава және Йобе штаттарында гуманитарлық дағдарыс үдей түсті.



Біріккен Ұлттар Ұйымы Нигерияның солтүстік-шығысындағы террористер белсенді әрекет ететін штаттарда 600 мыңнан астам баланың аштық қаупіне ұшырағанын және алдағы 6 айда азық-түлікке шұғыл қол жеткізе алмаса, олардың өліп кетуі мүмкін екенін хабарлады.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

САУЫҚТЫРУ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Бас қаланың Ботаникалық саябағында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнет жасындағы азаматтарға арналған жазғы сауықтыру маусымын ашық деп жариялады.



Жаттығулар табиғат аясында, таза ауада, қатысушылардың физикалық мүмкіндігін ескере отырып ұйымдастырылды. Жаттығулардың нұсқаушысы Индира Балғынбекқызының айтуынша, айкүне жаттығулары – адам денесінің өзегін түзейтін, омыртқаны созатын, бұлшық еттерді

босататын және жүйке жүйесін тыныштандыратын арнайы жаттығулар жиынтығы.

«Айкүне жаттығулары адамның толық қимыл-қозғалысын қалпына келтіреді. Омыртқа сау болса, бүкіл дене сау. Бізде жаттығулар орындықта отырып, жерде жатып немесе тұрып

жасалатын бірнеше тәсіл бойынша өтеді. Бұл әдістеме барлық жастағы адамға бейімделген» дейді Индира Балғынбекқызы.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жетекші маманы Бақыт Қайырбекқызының айтуынша, басты мақсат – зейнеткерлердің белсенді өмір салтын қалыптастыруына ықпал ету. «Бұл шара – тек спорт емес, қоғаммен араласу, өмірімізді қуаныш пен шаттыққа толтыру, жан мен тәннің демалысы» дейді ол.

Қыс мезгілінде жаттығулар ғимарат ішінде өтсе, жазғы маусымда олар қаланың әртүрлі саябағында, ашық аспан астында ұйымдастырылып отыр. Атап айтқанда, «Жетісу», «Жерұйық», Ботаникалық саябақ, Орталық және Президент саябақтарында, Нұржол гүлзары мен Мұғалімдер алаңында таңғы сағат 8:00-ден 11:30-ға дейін оңалту жаттығулары, цигун, йога, скандинавиялық жүріс және айкүне бойынша сабақтар жүргізіледі. Қатысу – тегін. Сонымен қатар кеше «Жетісу» саябағында зейнеткерлерге арналған ретро би кеші өтті. Елордада ұйымдастырылған бұл шаралар – зейнеткерлердің өмір сапасын арттырудағы маңызды қадам.

АСТАНАЛЫҚ АРУ АЛТЫН АЛДЫ

Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында Азия ат спорты федерациясының кубогы өз мәресіне жетті. Жарысқа 15 елдің спортшылары қатысты.

Жарыстың сенсациясы – Астанада қатысқан жас спортшы Малика Серіктің өнер көрсетуі. Ол «жасөспірімдер» санатында биіктігі 100 см болатын маршрутта 1-орынды сенімді түрде иеленді.

«Бұл – оның халықаралық жарыстардағы дебюті және ол өзін өте жақсы қырынан көрсетті. Біз оның жетістігімен мақтанамыз» деп атап өтті спортшының жеке жаттықтырушысы Ержан Мағжаев.



ЖҰЛДЫЗДАР ШЕРУІ

Елордалық Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейінде үздік оқушыларды марапаттауға арналған «Жұлдыздар шеруі-2025» салтанатты іс-шарасы өтті.



«2024-2025 оқу жылында қалалық, республикалық және халықаралық олимпиадалар, шығармашылық және спорттық жарыстарда үздік нәтиже көрсеткен 15 оқушыны марапаттап отырмыз. Сондай-ақ 5 ұстаз марапатқа ие болды. Біздің мектеп-лицейде белсенді оқушылар көп, сондықтан мектепшілік сауалнама арқылы үздіктерді іріктеп алдық. Салтанатты жиын білім ордасы ашылған уақыттан бастап, яғни 2019 жылдан бері дәстүрлі түрде мамыр айының соңында ұйымдастырылып келеді. Біз оқушыларға құрмет көрсету арқылы олардың мектеп өміріндегі қоғамдық жұмысын бағалап, өзге оқушыларға үлгі еткіміз келеді» дейді Қадыр Мыр-

за Әлі атындағы №88 мектеп-лицей директоры Альбина Нартаева.

Үздіктерді марапаттау рәсіміне Астана қалалық мәслихатының депутаты Рабит Тәжімұратов қатысып, ұстаздар мен ата-аналарға алғыс білдірді.

«Мектеп оқушыларының үздік нәтиже көрсетіп, жетістікке жетуі ұстаздар мен ата-аналардың арқасында деп ойлаймын. Сондықтан әрқашан қолдау көрсететін ұстаздар мен ата-аналарға алғысымды білдіргім келеді. Оқушыларымыз болашақта ел дамуына үлес қосатын үлкен маман иелері болады деп сенемін. Балаларымыздың жетістігі көп болсын» деді мәслихат депутаты.

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ МЕРЕКЕСІ

Астанадағы «Балқарағай» демалыс аймағында ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін Қымызмұрындық мерекесі өтті. Іс-шараға Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары, туристер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Іс-шараны ұйымдастырушы «BaıQymyz» жобасының авторы Жұмажан Қалтаев бұл бастаманың негізгі мақсаты қазақтың қасиетті асы – қымызды күнделікті дастарханымызға қайта әкелу, оның пайдалы қасиеттерін кеңінен насихаттау екенін атап өтті.

«Қазір жастардың көбі газды сусындарға әуес. Ал қымыз – дәруменге бай, иммунитетті нығайтатын, денсаулыққа аса пайдалы сусын. Біз осы жобамыз арқылы қымыз өндірушілерді бір алаңға жинап, оларға қолдау көрсетуді көздеп отырмыз» деді Жұмажан Қалтаев.

Қымызмұрындық аясында ұлттық спорт түрлерінен жарыс, этноөнімдер мен қолөнер бұйымдарының көрмесі, гастрономия фестивалі және мерекелік концерт ұйымдастырылды.


«Жұртшылық әр өңірден әкелген қымыздың дәмін татып, өз бағасын беріп жатыр. Шілде айында өтетін үлкен



фестиваль барысында үздік қымыз анықталады. Бұл – тек дәмді сусын ғана емес, қазақтың тарихы мен руханиятына терең бойлататын мереке. Қонақтар ұлттық дәстүрмен танысып, әртүрлі жылқы тұқымдарын көріп, қолөнершілердің өнерін тамашалай алады» деді жобаның атқарушы директоры Әділ Орынбасарұлы.

Іс-шараға еліміздің 10 аймағынан қымыз өндірушілер қатысып, келушілер олардың өнімдерін арнайы QR-код арқылы бағалады. Сарапқа салынған қымыздар қатарында Жаңаарқа ауданының «Aqnyr Qymyz» шаруа қожалығы, Саржал ауылындағы «Асылжан» жеке кәсіпкерлігі, Бурабай ауданындағы «Жас» ШҚ, Қымызынай ауылының «Қабдулин А.С.» ЖК, Абай облысы Қарауыл ауылының «Adil Qymyz» ЖК, Сабынды ауылының «Алға» ШҚ, Арайлы ауылының «Qazaq House» ЖК және Қараөткел ауылындағы «Жоламан» ШҚ бар.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



СОŃFY AYLDAMA



22-23 мамыр



19:00

«Жастар» театры



МƏNİŞÜK



23 мамыр



19:00

Музыкалық жас көрермен театры



PATYŞ KƏŃLİM, NE DEYSİŃ?



24 мамыр



18:00

Қаллеки театры



AQ KEME



24 мамыр



19:00

«Жастар» театры

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 59

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА